



ПАРИЖ АЛАМАНЫНАН ҚАНДАЙ САБАҚ АЛАМЫЗ?

6-БЕТ | САРАПТАМА



ҚАНЫШТЫҢ ТОЙЫ – ҚАЗАҚТЫҢ ТОЙЫ

8-БЕТ | ҚОҒАМ



ДОМБЫРАНЫҢ ИЕСІ МЕН КИЕСІ

9-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Халқымыз қашанда жаңашылдыққа құштар болған. Әрдайым білімге, шығармашылыққа және жасампаздыққа ұмтылған, бірлік пен ынтымақты ту еткен. Бүгінде халқымыздың жоғары білім деңгейі, озық ойлау жүйесі, азаматтардың жауапкершілігі, көп тілді жетік меңгеруі және мәдени әралуандылығы ұлттық бірегейлігіміз бен қазақтың «жұмсақ күші» дейтін ұғымның негізін құрайды. Мұның бәрін бір ауыз сөзбен қазақтың «жұмсақ күші», яғни «soft power» деуге болады.

№100
(4688)
Бейсенбі
22 тамыз
2024 жыл




ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y


1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМАҚЫ АЛАДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 9 мыңнан астам қазақстандыққа арнайы әлеуметтік төлемақы бекітілді.

Төлемақы алатын адамның 55 жасқа толуы және БЖЗҚ-да кемінде 7 жыл міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының болуы міндетті саналады. Оның орташа мөлшері 208 мың теңгені құрайды. Қызметкерлер жалақыны да, арнайы төлемақыны да алуды жалғастыра отырып, денсаулыққа зияны аз жұмысқа ауыса алады. Төлем зейнет жасына дейін беріледі.



ОНЛАЙН АУЫСТЫРАСЫЗ

Елімізде балаларды мектептер арасында ауыстыру бойынша мемлекеттік қызмет автоматтандырылды.

Енді ата-аналар мен заңды өкілдер баланы бір мектептен екінші мектепке ауыстыруды үйден шықпай-ақ, eGov.kz порталында жүзеге асыра алады. Онда тұрғылықты жері бойынша немесе одан тыс жерлерде көрсетілген кез келген білім беру ұйымын таңдау мүмкіндігі беріледі. Жаңа процесс есептен шығару және бекіту талондарын, сондай-ақ жеке іс құжаттарын тапсыруды қажет етпейді. Мектеп таңдаған кезде оқу тілі де көрсетіледі. Сондай-ақ өтініш берушінің өтінімді қайтарып алуға мүмкіндігі бар.

ДҮБІРЛІ ДОДАҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Сарыарқаның сайын даласын дүбірлететін айтулы дода – V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының басталуына 17 күн қалды. Ойындардың өтетін күні жақындаған сайын оған дайындық жұмыстары пысықталуда. Сейсенбі күні осы ойындарды өткізу бойынша қалалық штабтың отырысында телекоммуникация және ойындарға қатысатын спорт нысандарын интернетпен үздіксіз қамтамасыз ету мәселелері талқыланды. V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізу бойынша қалалық штаб басшысының орынбасары Ерлан Каналимов отырыста билеттердің сатылуы, қаланы абаттандыру, көгалдандыру, безендіру, сондай-ақ, 1500 адам қатысатын еріктілердің жұмысы туралы мәселелер талқыландығанын айтты. Ойындарға дайындық барысымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев танысып, нысандарды аралап көрді.

АРБАЛАР ШЕРУІ

Астанада 24 тамыз күні Ботаникалық бақта бала арбаларының шеруі өтеді.

Қала әкімдігінің ресми сайты хабарлағандай, кішкентай балалары бар отбасылар үшін бұл мереке қуанышқа толы және салауатты өмір салтын насихаттау үшін ұмытылмас іс-шара болмақ. Шеру бағдарламасында кәсіби нұсқау-

шылардың стретчинг пен фитнес жаттығулардың сериясы өтеді. Сондай-ақ жиналған халық қызықты ойындарға қатысып, сыйлық ұтып алады. Арбалар шеруі сағат 17:00-де басталып, 19:00-ге дейін жалғасады.



ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Таптылық – түсінумен,
тыныштық – қанағатпен.

Қадір Алырза Әли

№100 (4688) 22/08/2024 Бейсенбі

**СТАДИОН ЖАБДЫҚТАРЫ
ЖАҢАРДЫ**

Мемлекет басшысы, ең алдымен, «Астана Арена» стадионын аралап көрді. Мұнда халықаралық спорттық-мәдени іс-шараның ашылу салтанаты өтеді. 30 мың көрермен еркін сыятын стадионға жыл бойы күрделі жөндеу жүргізілді. Қазіргі кезде абаттандыру жұмыстары аяқталып, жабдықтары толықтай жаңарды.

**КИИМ ҮЛГІСІ
ТАНЫСТЫРЫЛДЫ**

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Qazaqstan» жеңіл атлетика кешенінде орналасқан аккредиттеу орталығының жұмысы, көшпенділер ойынына қатысатын ұлттық құраманың киім үлгісі таныстырылды. Халықаралық іс-шараға 1500 ерікті тартылады.

Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев ұлттық құраманың әзірлігі жөнінде баяндады. Оның айтуынша, осы уақытқа дейін халықаралық және республикалық деңгейде 42 оқу-жаттығу жиыны өткен. Сондай-ақ спортшылар 7 халықаралық және 25 республикалық турнирге қатысқан.

**ОЙЫНДАРҒА ҚАНША
АДАМ КЕЛЕДІ?**

Жалпы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына әлемнің 89 елінен 2800 қаты-

**ДУБІРЛІ ДОДАҒА
ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 8-13 қыркүйек аралығында Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының дайындық барысымен танысты. Бұл туралы Telegram-дағы Aqorda ресми парақшасы ақпарат таратты.

сушы мен ресми делегация мүшелері келеді. Сайыстың 21 түрінен 97 медаль сарапқа салынады. Негізгі жарыстар «Астана Арена» стадионы, «Қазанат» ипподромы, «Алау» мұз сарайы, Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайы, «Думан» қонақ үй-спорт кешенінде өтеді. Ал жамбы ату мен теңге ілуге арнайы алаң жасақталған.

Халықаралық дода аясында 150-ден астам мәдени іс-шара жоспарланған. Мәселен, этно-ауылда көшпенділер мәдениеті музейі, қолөнершілер және мүсіндер көрмесі, ал Ұлттық музейде «Көшпенді халық: тарих, таным, тағалым» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылады.

**ҚОНАҚҮЙЛЕР
ДАЙЫН БА?**

Алдын ала болжамға сәйкес, 8-13 қыркүйек күндері елордаға 100 мыңға жуық турист келуі мүмкін. Осыған орай, 20-дан астам қонақүйдің, сондай-ақ туристер жиі баратын орындардың дайындығы пысықталып, қала көшелерін абаттандыру, безендіру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы ат спортынан жарыстар өтетін «Қазанат» ипподромын, жамбы ату және теңге ілу сайыстары үшін арнайы жасақталған алаңды көрді.

**ЖАҢА МЕКТЕПТЕРДІ
АРАЛАДЫ**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елордада «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынған жаңа білім ошақтарына барды.

**БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІГІ НЕ?**

Президент Астана қаласының Есіл ауданындағы №103 мектепке барып, заманауи құрылғылармен жабдықталған оқу кабинеттерін аралап көрді.

Президентке оқу-тәрбие жұмыстарына қолайлы жағдай жасау жаңа мектептердің басты ерекшелігі екені айтылды. Білім ордасының аумағы мен ғимарат ішінде оқушылардың қауіпсіздігі толықтай қамтамасыз етілген. Ол үшін бейнебақылау жүйесі орнатылған. Бастауыш және жоғары сынып оқушылары жеке-жеке блоктарда білім алады, ерекше қажеттіліктері бар балаларға тиісті жағдай жасалған.

Қазіргі кезде мектептің ішкі әрлеу жұмыстары аяқталып қалды. Сонымен қатар жиһаздар мен құрал-жабдықтар орнатылып, абаттандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласының Нұра ауданындағы №101 мектепті аралап



көрді. Аталған білім ордасында екі ауысымда 4 мың оқушы жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша оқиды.

Мемлекет басшысы мектептің оқу және шығармашылық кабинеттерін, сондай-ақ спорт және акт залдарын аралады. Президентке жаңа мектептің мүмкіндіктері, атап айтқанда, оқушылардың шығармашылық дағдыларын дамыту, цифрлық технологияларды зерттеу, жасанды интеллекті қолдану, «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру, оқу бағдарламасы мен роботты техниканы үйлестіру бағыттары жайында мәлімет берілді.

**ЕЛОРДАДА 24 МЕКТЕП
САЛЫНЫП ЖАТЫР**

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елорданың орта білім беру саласын дамыту туралы баяндады. Сондай-ақ ол «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында қалада 24 оқу ошағы салынып жатқанын айтты.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев жаңа оқу жылына дайындық жайында есеп берді. Бүгінде республика бойынша 536 мың оқушыға арналған 302 мектептің құрылысы жүріп жатыр. Ал 220 мың оқушыны қамтитын 280 білім беру мекемесі күрделі жөндеуден өтуде. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 1,7 миллион бала тегін тамақпен қамтылады.



KASPI.KZ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Kaspi.kz компаниясының негізін қалаушылар Вячеслав Ким мен Михаил Ломтадзени қабылдады. Президентке Kaspi.kz компаниясы қызметінің нәтижелері мен шағын және орта бизнесті дамытуға арналған жаңа сервис құру жоспары жөнінде мәлімет берілді.

Мемлекет басшысына ұсынған ақпаратқа сәйкес, бүгінде 700 мыңға жуық отандық кәсіпкер өз бизнесін Kaspi.kz технологияларының көмегімен дамытып жатыр. Биылғы бірінші жартыжылдықтың өзінде тауарлар мен қызметтер үшін 12 триллион теңге көлемінде

қолма-қол ақшасыз төлем жасалып, 150 мың жеке кәсіпкер тіркелген.

Мемлекеттік органдармен бірлесіп әзірленген онлайн-сервистердің көмегімен қазақстандықтар салықтарды мерзімінде төлеу мүмкіндігіне ие болды. 2024 жылдың 6 айында аталған

қызметтер арқылы бюджетке 1,1 триллион теңгеден астам салықтар мен басқа да төлемдер түскен.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі шағын және орта кәсіпкерлікті өркендетудің маңызды екенін атап өтіп, Kaspi.kz акционерлеріне қолдау білдірді.

АРҚАНЫ КЕҢГЕ САЛУҒА БОЛМАЙДЫ

Үкімет отырысында күн тәртібінен тыс жаңа маймыл шешегі вирусы мәселесі қаралды. Денсаулық сақтау вице-министрі Ержан Нұрлыбаев бүгінгі таңда Қазақстанда эпидемиологиялық жағдай тұрақты, сирек жұқпалы ауруды жұқтыру жағдайы тіркелмегенін айтты.

Жалпы 2022 жылдың мамырында маймыл шешегі вирусының алғашқы тіркелуінен бастап әлемде 99 мыңға жуық жағдай расталды, оның 189-ы өлімге әкелді. Эндемия тараған елдерге Гана, Конго, Камерун, Либерия, Нигерия, Орталық Африка Республикасы жатады. Осыған байланысты Денсаулық сақтау министрлігі көрші елдердегі эпидемиологиялық ахуалға мониторинг жүргізумен қатар, тәуекелдерді тұрақты бағалауды жүргізіп жатыр.

Африка елдерінен, сондай-ақ инфекцияны тасымалдау жағдайлары тіркелген басқа елдерден келген азаматтарға ерекше назар аударылады. Қолайсыз елдердің тізімі үнемі жаңарып отырады. Ғалымдардың пікірінше, бұл жұқпалы аурудың кең таралуы, жұқпалылығы жоғары емес.

«Қазақстан Республикасы аумағында індеттің пайда болу қаупі аз. Осыған қарамастан, министрлік бұл инфекцияның таралуына жол бермеу үшін барлық қажетті алдын алу шараларын қабылдауда. Мемлекеттік шекара арқылы өткізу бекеттерінде санитарлық-карантиндік бақылау күшейді. Аталған инфекцияға күдікті науқастар әкелінген және анықталған жағдайда, жағдайдың ушығуының түрлі сценарийі бойынша медициналық қызметтердің іс-қимыл алгоритмдері әзірленді. Дәрілік заттар қорының қажетті көлемін қалыптастыру шаралары қабылданды. Медицина қызметкерлерін диагностика және емдеу әдістеріне оқытудың қайталама циклдері жергілікті жерлерде жүргізіледі. Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің қаулы-

сы және төтенше жағдайлар кезіндегі ұлттық іс-қимыл жоспары дайындалды. Жағдай Денсаулық сақтау министрлігінің тұрақты бақылауында» деді Ержан Нұрлыбаев.

Үкімет басшысы әзірге алаңдауға негіз жоқ екенін, алайда тоқмейілсуге болмайтынын атап өтті.

«Көріп отырғанымыздай, әзірге алаңдауға еш негіз жоқ. Қазақстанда қауіпті індетті жұқтырудың бірде-бір жағдайы тіркелген жоқ. Алайда арқаны кеңге салуға болмайды. Денсаулық сақтау министрлігі ахуалды әрі қарай бақылауда ұстап, жұқпалы аурудың ел аумағында таралу қаупін болдырмау бойынша алдын алу шараларын қабылдасын. Бұл әсіресе әуежайлар мен шекарадағы өткізу бекеттеріне қатысты» деп тапсырды Олжас Бектенов.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ӘЗІРМІЗ БЕ?

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында алдағы жылыту маусымына дайындық барысы қаралды. Жылу көздерін, инженерлік желілерді, әлеуметтік сала нысандарын дайындау және отын жеткізу бойынша жүріп жатқан жұмыстар туралы Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев, Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев, Көлік министрі Марат Қарабаев баяндады. Бірқатар облыс әкімдерінің баяндамасы тыңдалды.



Энергетика министрлігінің дерегіне сәйкес, биыл республика бойынша 10 энергоблоқты, 55 қазандықты және 45 турбинаны күрделі жөндеу жоспарланған. Жұмыс түрлі кезеңде 1 энергоблок, 28 қазандық және 22 турбинада жүріп жатыр, 4 энергоблоқта, 21 қазандықта және 17 турбинада толық аяқталды. Сондай-ақ 13,4 мың км электр беру желісі, 277 қосалқы станса, 2292 тарату пункті жөнделді. Сонымен қатар негізгі жабдықты жөндеуді бастау мерзімінің сақталмауы Қарағанды мен Маңғыстау облыстарындағы электр стансаларында байқалады. Министрлік жылыту кезеңіне дайындық қосымша назарда болатын энергетика кәсіпорындарын анықтады.

Үкімет басшысы жылыту маусымының басталуына бір айдан сәл астам уақыт қалғанын еске салды. Олжас Бектенов жұмыстардың ауқымды бөлігін ең соңғы күндерге қалдыру

әдеті жұмыстың дұрыс жоспарланбағанын көрсететінін баса айтты. Мәселен, Қарағанды облысында №2 қазандықты күрделі жөндеу аяқталған жоқ және «Qatmet» компаниясының 2-ЖЭО-дағы №1 қазандықты күрделі жөндеу басталмаған. Сонымен қатар №7 қазандықты жөндеу жұмыстары да бекітілген кестеден кешігіп жатыр, ал биылғы мамыр айында жылыту маусымына дайындық мәселесі қаралғанда, өңір әкімі аталған нысанды мерзімінде іске қосылады деп мәлімдеген.

Маңғыстау облысында МАЭК-тің 1-ЖЭО-сындағы №4 турбинаны күрделі жөндеу жұмыстары әлі жүріп жатыр. 2-ЖЭО-да құжаттар уақытылы дайын болмағандықтан, мердігерді анықтау мүмкін болмай отыр. Бұл ретте Үкімет МАЭК-ті дамытуға қомақты қаражат бөлді.

«Бекітілген жөндеу жұмыстарының кестесін ауыстыра салу, құжат дайындау және отын қорын жинау мерзім-

дерін сақтамау фактілері жылдан-жылға қайталанып келеді. Әркім өз ісіне жауапты қараса, мұндай келеңсіз жағдайлар орын алмас еді. Отырыстарымыз бен кеңестерімізде облыс әкімдеріне осындай осал тұстарға назар аудару туралы бірнеше рет айтылды. Сонымен қатар жөндеу науқаны кезінде тәуекел тудыруы мүмкін нақты жағдайларды атап көрсетіп, шұғыл шаралар қабылдау қажеттігі туралы тапсырмалар да берілді. Алайда 3 ай өтті, бағы жартас – сол жартас, өзгеріс шамалы. Сол өңірлер әлі артта, сол баяғы кешіктіру, кейінге шегеру. Бүгінде Энергетика министрлігі кәсіпорындарға жылыту кезеңіне әзірлік паспорттарын бере бастады. ЖЭО әзірлік паспортын беруден бас тартуға қомақты қаражат бөлінеді. Әкімдердің жетекшілік ететін орынбасарларының тікелей жауапкершілігі қаралады» деп атап өтті Олжас Бектенов.



ДУШАНБЕДЕ АБАЙДЫҢ МҮСІНІ АШЫЛДЫ

Душанбеде Қазақстанның Тәжікстандағы мәдениет күндері аясында қазақтың ұлы ақыны және ойшылы Абай Құнанбаев бюстінің ашылу салтанаты өтті.

Іс-шарада Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева сөз сөйлеп, аталмыш іс-шара екі халықтың мәдени ынтымақтастығы үшін маңызы зор екеніне тоқталды.

«Бүгінде Қазақстан мен Тәжікстанды Мемлекет басшыларының достық пен өзара сенімге негізделген күш-жігері ғана біріктіріп отырған жоқ. Тәжікстан астанасы да қазақ

халқының даңқты перзентінің тұлғасы тұғырға қонған әлем астаналарының біріне айналады. Бастысы, бұл қадам екі ел өміріндегі маңызды оқиға болуымен қатар, қос халықты жақындастыра түсетін рухани және мәдени байланыстарға тың серпін берері сөзсіз» деді Аида Балаева.

Абай мүсіні Әбілқасым Фирдауси атындағы мәдениет және демалыс саябағында

орнатылған. Қазақстанның мәдениет күндері аясында Душанбеде бірқатар іс-шара жоспарланған. Атап айтсақ, қазақстандық көркем фильмдер көрсетілімі, көрмелер мен танымал өнер майталмандарының қатысуымен концерттер өтеді. Мәдениет күндері 22 тамызда «Кохи Борбад» мемлекеттік кешенінде өтетін гала-концертпен қорытындыланады.



АЭС ЖАЙЫ АСТАНАДА ТАЛҚЫЛАНДЫ



Қазақстанда атом электр стансасын салу мәселесі бойынша қоғамдық пікірталастар циклін аяқтайтын ХХ жария талқылау Астанада өтті. Бұған дейін мұндай іс-шаралар еліміздің барлық өңірінде ұйымдастырылған болатын.

**Райхан
РАХМЕТОВА**

Талқылауға атом саласының сарапшылары, мемлекеттік органдардың, жұртшылық пен азаматтық сектордың өкілдері қатысты. Жиын шеңберінде елдің энергия қауіпсіздігін қамтамасыз ету, АЭС құрылысына дайындық, сондай-ақ атом саласы үшін кадрлар даярлау мәселелері қозғалды. Мамандар атом генерациясы және ядролық технологиялар туралы ақпаратпен бөлісті. Іс-шараны Қазақстан азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева мен Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, саяси ғылымдар докторы, доцент Зулфар Ғайыпов жүргізді. Спикерлер баяндамасынан кейін қатысушылар өздерін қызықтыратын технологиялардың қауіпсіздігі, АЭС құрылысының әлеуметтік-экономикалық аспектілері бойынша сұрақтар қойды.

Еске сала кетсек, 2023 жылғы 1 қыркүйекте ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділ Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында атом энергетикасын дамыту аса маңызды экономикалық және саяси аспект болғанын атап өткен еді. Осыған байланысты ол жалпыұлттық референдум өткізу арқылы атом электр стансасын салу мәселесін шешуді ұсынды. 2024 жылдың маусым айының соңында Президент АЭС салу бойынша референдум биыл күзде өтетінін мәлімдеді. Нақты қай күн екенін Үкімет айқындайды.

Қазақстанда 2018 жылы атом стансасын салудың техникалық-экономикалық негіздемесінің бірінші бөлімі әзірленіп, онда екі өңірде станса салу мүмкіндіктері қарастырылды. Атап айтқанда, бұл өңірлер – Абай облысындағы Курчатов ауылы, екіншісі – Алматы облысында Балқаш маңындағы Үлкен ауылы. Атом энергиясы халықаралық агенттігінің ұсынымдары бойынша кең ауқымды зерттеу жүргізіліп, екі аудан да жарамды деп танылды. Бұл туралы жария талқылауда «Қазақстандық атом электр стансалары» АҚ директоры Тимур Жантқин мәлімдеді. Ол сонымен қатар Қазақстанның энергия жүйесін болжауға талдау жүргізілгенін де айтты, соның негізінде еліміздің оңтүстігінде электр энергиясы тапшылығы 2,7 гигаваттқа дейін жететіні анықталды. Қазір Қазақстанда 46 күн, 59 жел электр станциясы жұмыс істейді. Өкініштісі, бұлар елдегі электр энергиясының тек 6 пайызын ғана өндіріп отыр. Ал АЭС осы олқылықтың орнын жабады дейді мамандар.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовтың мәліметінше, қазақстандықтар АЭС салудағы кемшіліктердің бірі ретінде станса өндіретін энергияның қымбаттығын айтады, яғни 1 кВт энергиясы сағатына 0,18 АҚШ доллары тұрады. Ядролық қалдықтарды сақтау және тасымалдау мәселелері де бар. АЭС түрлі қауіп-қатерді де тудырады.

«Дегенмен мамандардың айтуынша, артықшылықтар әлдеқайда көп. Ең алдымен, бұл – таза энергетикаға

көшу. Энергетикалық тәуелсіздік, жаңа жұмыс орындарының ашылуы және шетелдік инвесторларды тарту да ұмыт қалмауы тиіс. Менің ойымша, елімізде атом электр стансасының құрылысы сөзсіз энергетикалық қауіпсіздік пен елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадам болады. Алайда бұл жобаның табысты жүзеге асуы үшін барлық тәуекел мен шығынды мұқият қарастыру, сондай-ақ қоғамдық ақпараттандыруды кеңінен жүргізу және қауіпсіздік технологияларын дамыту қажет» дейді Ерлан Каналимов.

ҚР Ұлттық ядролық орталығы Атом энергиясы институты директорының орынбасары Ерболат Қоянбаевтың айтуынша, атом энергетикасы – 24 сағат бойы 7 күн жұмыс істейтін тұрақты энергия көзі. Ол болмаса, электр энергиясына 6 пайыз тапшылық болуы мүмкін. Болашақта ол 10 пайызға дейін жетсе, әрбір оныншы үй жарықсыз қалады деген сөз. 2023 жылы Қазақстан 115 млрд кв/сағат электр энергиясын тұтынған. Оның 2 млрд сағатқа жуығы Ресейден сатып алынған. Алдағы уақытта бұл цифр тағы да өсуі мүмкін. Сол үшін АЭС салу тек электр қуаты үшін емес, қуатты экономика үшін де маңызды болып отыр.

Қазір әлемде 30-дан астам мемлекетте 415 АЭС жұмыс істеп тұр, тағы 59-ы салынып жатыр. Егер елімізде АЭС құрылысы басталса, кемінде 7000 адам жұмысқа тартыла мақ. Ал ол іске қосылғанда, 2000 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Дәл осындай форматтағы талқылау жиындары бұған дейін Қазақстанның 20 өңірінде өтіп, Астанада мәресіне жетті. Бірақ бұл соңғы қорытынды емес. Қазақстанда АЭС салына ма, жоқ па деген сауалдың жауабы күздегі референдумда белгілі болады.



НҮРБЕК ОРАЛБАЙҒА КӨЛІК МІНГІЗДІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Парижде өткен Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері Нұрбек Оралбаймен және оның жаттықтырушысы Асқар Еркебаевпен кездесті.

«Нұрбек Оралбай еліміздің әрі қаламыздың атынан сынға түсті. Оның бұл жетістігінің артында мыңдаған сағаттық жаттығулар, сол сияқты отбасының, жаттықтырушысының және туыстарының қолдауы мен өзіне деген

сенімі жатыр» деді қала әкімі Жеңіс Қасымбек.

Демеушілер есебінен Нұрбек Оралбайға Land Rover Defender автокөлігінің кілті, ал жаттықтырушысына 10 млн теңгенің сертификаты табыс етілді.

333 ТҮРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТЫ БЕРІЛЕДІ

Астана қаласы мәслихатының шешімімен тұрғын үй сертификатының сомасы 1 500 000 теңгені құрайды. Қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимовтың айтуынша, тиісті сертификат тұрғын үй несиесін рәсімдеу кезінде бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін беріледі.

Тұрғын үй сертификатын алушылар қатарында педагогтар, медицина қызметкерлері, мәдениет пен спорт қызметкерлері, әлеуметтік қамсыздандыру саласының мамандары, полиция қызметкерлері және құтқарушылар бар.

2020 жылы мәслихаттың шешімімен тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтардың мүмкіндігін арттыру мақсатында алушылар тізімі кеңейіп, тізімге әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтар қосылды.

Тұрғын үй сертификаттары мемлекеттік және салалық бағдарламалар аясында несие алу кезінде

банк тарапынан несие мақұлданып, азаматтың жылжымайтын мүлік нарығынан баспана тапқаннан кейін беріледі. Тұрғын үй сертификатын алу үшін азаматтар төлем қабілетін растап, банктің кепіл саясатына сәйкес келетін пәтер тапқаннан кейін ғана ипотекалық несиені рәсімдеуді бастайды. Аманат партиясы елордалық филиалының 2024 жылға арналған сайлауалды уәделерін орындау жөніндегі жол картасы аясында биыл тұрғын үй сертификатының саны 333, жалпы сомасы шамамен 500 млн теңгені құрайды.

ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨП

Елордада Жастар саясаты мәселелері басқармасының бастауымен «Астана жас жігер» жобасы басталды. Іс-шарада футбол турнирінің ашылу рәсімі өтіп, оған 16 команда қатысты.



**Индира
БЕРЖАНОВА**

«Астана жас жігер» жобасы аясында жыл соңына дейін белгілі спортшылардың қатысуымен спорт іс-шаралары өтеді. Жоба НЕЕТ санатындағы жастар арасында баскетбол, волейбол және футбол бойынша турнирлер ұйымдас-

тыруға, мамандандырылған мектептерде әлеуметтанушылар мен психологтардың қатысуымен жасөспірімдерге, оның ішінде есепте тұрған жастарға арналған түсіндіру жұмыстарын жүргізуге бағытталады.

«Бас қалада «Астана жас жігер» жобасы 2022 жылдан бері дәстүрлі негізде жүргізіліп келеді. Басты мақсаты

– қала жастарын спортқа баулу, осы арқылы оларды жан-жақты дамыту, қоғамдық іс-шараларға атсалыстыру. Турнирге базарларда жұмыс істейтін жастар мен жұмыссыз жастар қатысады. Жоба спорт арқылы НЕЕТ санатындағы жастарға әлеуметтік қолдау көрсетуді көздейді» деді өз сөзінде қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев.

Жобаға қолдау білдірген ММА және грэпплинг бойынша халықаралық дәрежедегі спорт шебері Ерназ Мұсабек спортпен айналысудың маңызымен бөлісіп, қатысушыларға сөттілік тіледі.

Футбол турнирінде 200-ден астам қатысушы бақ сынады. Іс-шарада жеребе тасталып, командалар реті анықталды. Солардың қатарында Нұрлан Тұрғымбаев бар.

«Біздің командадағы 6 адам Сарыарқа базарында көтерме саудамен айналысады. Жарысқа бірінші рет қатысып отырмыз. Жоба туралы әлеуметтік желіден біліп, қызықтық. Мұндай іс-шаралар жастарға шынығуға үлкен мүмкіндік береді. Сондықтан спорт жарыстары жиі ұйымдастырылса дейміз» деп бөлісті қатысушы.

Сәрсенбек Ендібайұлы 1995 жылы Алматы қаласының Сәулет және қала құрылысы департаментінде жұмыс істеді. Сол уақытта елорданың бас жоспарын әзірлеуге атсалысты.

«Әріптестеріммен бірге Астана жобасын жасайтын үздіктерді анықтауға арналған алғашқы республикалық, одан кейінгі халықаралық байқауға қатыстық. Елорда құрылысына негіз болатын бас жоспардың сұлбасын Мемлекет басшысына көрсеттік. Ол кезде қаржыландыру шетелдік инвестиция есебінен жүзеге асатын. Қала құрылысына капитал құйған араб компаниясының орнына бір жылдан кейін Жапонияның халықаралық ынтымақтастық агенттігі келді. Себебі елорданың бас жоспарына жариялаған байқауда Кисе Курокава жеңіске жетті. Астанада ол кезде небәрі 73 мың тұрғын бар еді. Бас қаланың қандай қарқынмен өсетінін ешкім дөп басып болмай алмады. Сондықтан Кисе Курокаваның 800 мың халық санына орайластырып жасаған болжамды бас жоспарын өзгертуге тура келді. Өйткені аз уақыттың ішінде Астанаға қоныс аударғандардың қатары артып, қала ерекше жылдамдықпен өсе бастады» дейді Сәрсенбек Жүнісов.

Оның айтуынша, Астананы алғаш сала бастағанда қаржы аз, жұмыс өте көп болды. Демалысыз еңбек етіп, түннің ортасында жиналыс өткізетін кездер де басынан өткен.

«Айтып жеткізу қиын, бірақ сонда адамдар бір-бірін үнсіз ұғып, тілсіз түсінетін, үздіксіз жұмыстан шаршамай, бәрінің кеудесін қуаныш кернеп жүретін. Бәріміздің ортақ үлкен іске үлес қосып жатқанымыз айрықша сезілетін» дейді ол.


Сәрсенбек Ендібайұлының пікірінше, Астананың салынуымен отандық сәулет өнерінің деңгейі өсті. Сәулетшілер ірі жобаларды қолға алып, аз уақытта сапалы еңбек етуді үйренді.

«Қазір сала мамандары көрші мемлекеттердің сәулетшілерімен салыстырғанда кәсіби тұрғыдан әлдеқайда жоғары тұратынын сеніммен айта аламын. Елордада тұрғаныма ширек ғасырдан асты. Бұл – әлемдегі ең үздік шаһардың бірі.



БАС ҚАЛАНЫ КӨРКЕЙТКЕН СӘУЛЕТШІ

Қазақстанның құрметті сәулетшісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Астана қаласының құрметті азаматы Сәрсенбек Жүнісовтің елорданың көркеюіне қосқан үлесі зор. Бас қаланың алғашқы бас жоспары мен елорданың бас құжатының кейінгі нұсқасының әзірленуіне атсалысты. Астана қаласы мәслихаты VI шақырылымының депутаты болғанда шаһардың дамуына көп еңбек сіңірді. Сол уақытта қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы болды.



Әлі күнге дейін негізгі мамандығым бойынша қала құрылысын жобалаумен айналысамын. Астананың дамуы, көлемінің кеңеюі, жаңа нысандардың бой

көтеруі – тоқтамайтын үдеріс. Күн өткен сайын қала салуды жалғастыра береміз. Өйткені Астана – уақыт ағымымен өзгертін, жаңашылықты қабыл

дап, үнемі өсіп отыратын орталық» дейді ол.

Сәрсенбек Жүнісов депутаттық қызметінде сайлаушылармен тұрақты байланыс орнатып, түскен шағымдарды дереу қарайтын. Мәселен, оның араласуымен қала тұрғындарының артуы есепке алынып, №36 орта мектепке қосымша ғимарат салынды. Өндіріс тұрғын алабында емхана бой көтерді. Сарыарқа ауданы әкімдігінің жоспарына аулалар мен көшелерді жөндеу, абаттандыру мен жарықтандыру жұмыстары енгізіліп, мұқтаж азаматтарға – ардагерлерге, көпбалалы отбасыларға материалдық көмек беру мәселелері шешілді.

Сәрсенбек Ендібайұлы жетекшілік еткен қалалық мәс-

лихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы жұмысымен қатар Астана қаласының аумағын абаттандыру, Астана қаласында иттерді ұстау және серуендету, Астана қаласының аумағында жасыл желектерді күтіп ұстау және қорғау, Астана қаласының ортақ су пайдалану ережелерінің бұзылмауын қадағалады.

2003 жылы елордада «Дөңгелек алаң» ашылды. Бұл – шеңбер түрінде салынған бірқатар

кеттік сыйлығының лауреаты атанды. Елордаға көрік беріп тұрған «Қазақ елі» монументі авторларының бірі де – Сәрсенбек Ендібайұлы.

«Нұржол» сулы-нулы желекжол жобасын жасағанда Ақорда-ның, «Бәйтеректің», «Дөңгелек алаңның», ҚазМұнайГаз ғимаратының орнын белгіледік. Ең бірінші жұмыс ҚазМұнайГаздан басталды. Одан кейін «Transport tower» салынды, тұрғындар оны «Зажигалка» деп атап кетті. «Дөңгелек алаң», «Бәйтерек», Ақорда үшеуін үш қазық етіп қойдық та, ортасынан «Нұржол»



құрылысты қамтитын сәулет кешені. Алаң аумағында супермаркеттер, дүкендер мен мейрамханалар орналасқан, ал алаңның көркі – субұрқақ. «Дөңгелек алаңның» ерекшелігі екі деңгейде салынуында. Яғни төменгі жағы жаяу жүргіншілерге, ал жоғарғы жағы көліктерге арналған. Алаңға «Нұржол» сулы-нулы желекжол жалғасып тұр. Осыдан 10 жыл бұрын ТМД-ға мүше мемлекеттердің парламентаралық ассамблеясы Туризм жылы аясында достастық елдеріндегі ең маңызды әрі көрікті жерлердің тізімін жариялады. Бұл тізімге Астанадағы «Дөңгелек алаң» да енді. Ал бұл жобаның авторы Сәрсенбек Жүнісов Қазақстанның әдебиет және өнер саласындағы Мемле-

желекжолын сызып, бір-біріне қостық. Бұл елордамыздың сол жағалауының картасы болды. Астанада ең бірінші болып салынған ғимарат – Қаржы министрлігінің ғимараты. Халық арасында «Доллар» атанып кетті» дейді Сәрсенбек Жүнісов.

Сәрсенбек Ендібайұлы бірнеше жыл «Астана бас жоспары» ғылыми-зерттеу институты» ЖШС директоры, бас қаланың Сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы болды. Оның араласуымен елорданың жол-көлік қозғалысы жүйесі, Астананың шығыс бөлігіндегі аудандар, «Жасыл белдеу» жобаланды. Бір сөзбен айтқанда, ол бас қала сәулетінде айқын қолтаңбасын қалдырды.

ЖОЛДАР ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ БАРЫСЫН ТЕКСЕРДІ



Астана қаласы мәслихатының депутаты Бауыржан Смайылов бір топ әріптесімен бірге мәслихат отырысына дайындық аясында өзінің сайлау округіндегі С-308, Сұлукөл, Абайдың 150 жылдығы және Н.Тілендиев-Ш.Бейсекова көшелерін аралап, «Құтты мекен» тұрғын үй кешеніндегі аула клубының ашылу салтанатына қатысты.

Көшелерді аралау барысында жол құрылысына байланысты бірқатар мәселе анықталды. Атап айтқанда, С-308 көшесінде жол жұмыстары басталған уақыттан 600 млн теңге игерілді. Алайда қазір тиісті жұмыс жүргізіліп жатқан жоқ. Тапсырыс беруші

қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының мәліметінше, жобаны сатып алып, түзету енгізілуі қажет.

Сұлукөл көшесінде керісінше, тиісті жұмыстар қажетті қарқынмен жүріп жатыр. Осы күні бір қабаттық асфальт

төселген. Жол құрылысы жыл соңына дейін аяқталады.

Ал Абайдың 150 жылдығы көшесінде жол ішінара салынды. Жобаны түзету жұмыстары жүргізілді. Барлық жұмысты алдағы жылдары аяқтау жоспарланған.

Н.Тілендиев-Ш.Бейсекова көшесінің қиылысындағы жол жұмыстары қаржыландырудың болмауына байланысты әзірге тоқтап тұр. Қалалық мәслихаттың өткен сессиясында Бауыржан Смайылов оған 5 млрд теңгенің бөлінуіне атсалысты. Ресейден алынатын металл конструкцияларына алдын ала төлем жасалды. Қыркүйек айының ортасына дейін қажет құрылыс келуі тиіс. Сол уақытта жұмыс жанданады. Бұл жоба келесі жылы пайдалануға берілуі тиіс.



«Осы жобалардың барлығын жүзеге асыру, әрине, жергілікті бюджеттен қосымша қаржыландыруды қажет етеді. Дегенмен біз олардың округ тұрғындары үшін және жалпы қала үшін өте маңызды екенін түсінеміз» дейді депутат.

Аула клубының ашылуына Бауыржан Смайыловпен бірге Сарыарқа ауданының әкімі Бауыржан Ералы қатысты. Тиісті нысан Н.Тілендиев даңғылы, 40 мекенжайында орналасқан. Мұнда «Халық қатысатын бюджет» жобасы қаржысы есебінен аула абаттандырылып, үлкен ойын алаңы салынды. Үй тұрғындары ауланың құрылысы мен абаттандырылуына көмек көрсеткені үшін ризашылығын жеткізді.



КӘРІЗ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛЕДІ

Аманат партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек және қалалық мәслихат депутаты Қанат Естек Кирпичный тұрғын алабының тұрғындарымен кездесіп, мәселелерін тыңдады.

Негізгі мәселе ретінде Орталық базар аумағындағы кәріз жүйесі туралы айтылды. Соңғы 9 жылда жөндеу көрмеген кәріз қоқыспен қатты заттарға толып қалған. Соның салдарынан

базарда тұрған кәсіпкерлер шығындар көруде. Партия өкілі мен мәслихат депутаты осы мәселе бойынша өкілетті мекемелермен қайта келіп, тиісті шаралар қабылдауға уәде берді.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

Францияда өткен XXXIII Олимпиада ойындары тарихқа қатталды. Енді 207 елден 10 мыңнан астам атлет қатысқан төртжылдықтың басты додасындағы жетістіктер мен кемшіліктерді таразылап, отандық спорт саласының сапалық деңгейін жақсарту жолдарын талқылай аламыз. Астана және өңірлерде спорт инфрақұрылымы қалай дамуда? Мұны да назардан тыс қалдырмаймыз.

КЕМШІЛІГІ КӨП САЛА

Шыны керек, спорт – саясаттың ажырама бір бөлігі, елдің оң имиджін қалыптастыру құралы. Жоғары жетістіктер спорты жаһандандудың «жұмсақ күші» ретінде мойындалып, әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін анықтайтын барометрге айналды. Расында, озық елдер спорты өнер ретінде бағалаудан бұрын бәсекелесудің платформасы ретінде танып, фармацевтика, медицина және ғылыммен байланысын күшейтіп, спорт саласының сапасын арттыруда жаңа инновациялық технологияларды пайдаланады. Отандық спорт саласы осы көшпен қалып кетті. Бұл туралы спорт сарапшысы Қыдырбек Рысбек:

– Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары спорт пен ғылым ажырады. Спорт саласында ғылым кенжелеп, соның салдарынан сапалық деңгейіне әсер етті. Қазір он бапкердің сегізі қолына қалам ұстап, жеке жоспар құрып, әр спортшының мүмкіндігін зерделей бермейді. Керек десеңіз, он бапкердің тоғызы жоспарсыз жұмыс істейтін жағдайға жеттік. Қысқасы, жүйесіздікке көштік. Олимпиада ойындарында алған жүлделер – мемлекет деңгейінде жан-жақты жоспарланған жүйелі жұмыстың жемісі емес, жекелеген бапкерлер еңбегінің, спортшылардың жеңіске деген құлшынысының нәтижесі. Мәселен, Елдос Сметов Токио Олимпиадасында жартылай финалда жапондық Наохиса Такаотодан ұтылды. Такатонның артында Кодокан дзюдо академиясы тұр. Онда тік тұрғандағы және партердегі әдістерді жеке-жеке талдап, қандай жағдайда, қалай орындау керектігін түсіндіретін және қарсыластың әдісіне қарсы әдістерді қолданудың сан тарау жолы ғылыми тұрғыда зерттеледі. Мұны күншығыс елінде әрбір спортшының физикалық формасын тексеретін заманауи аппараттар бар. Сол арқылы спортшыға керекті витаминдерді анықтап, физикалық жүктеменің нормасын бақылап, салмақ азайтуына дейін назардан тыс қалдырмайды. Оларда спортшының 20-25 минут белдесуге дайындалатын ғылыми жүйе бар. Көрсінді бе, Жапонияда спортты дамыту ғылымға негізделген. Ал Елдостың артында бапкерлерінің жеке ізденісі ғана тұрды, – деп негізгі кемшіліктерді талдап берді.

Расында, Қазақстандағы дзюдо академиясында заманауи аппараттар қаншалықты қолжетімді, ғылыми кітапханасы бар ма, дзюдошылардың күресін талдайтын видео орталығы бар ма, әрбір әдіс-тәсілдің тиімділігін, қарсы әдіс қолданудың мән-маңызын түсіндіретін мамандар бар ма? Болмаса балуандардың психологиялық жағдайын зерделеп, қажет кезінде рухани жігерлендіретін мамандар бар ма? Олар оқу-жаттығу жиыны кезінде қандай тағам түрлерін тұтынады? Бұл да басы ашық сұрақ. Неге десеңіз, Олимпиада ойындары қарсаңында еркін күрес балуандары соңғы оқу-жаттығу жиыны Алматыдағы «Тау самалы» лагерінде өткізді. Балаларға арналған лагерде спортшыларға жан-жақты жағдай жасалды ма?



ПАРИЖ АЛАМАНЫҢАНАН ҚАНДАЙ САБАҚ АЛАМЫЗ?

Бастысы, спортшылармен бірге жаттықтырушыларға әлеуметтік жағдай істеу маңызды. Қазір көптеген бапкер екі-үш жерде жұмыс істеп, отбасын асырайды. Бірнеше жұмысты қатар атқаратын жаттықтырушылардан жауапкершілікті талап етудің өзі қиын. Өйткені бапкерлер күн ұзақ шөкіртінің қасынан табыла алмайды. Бас бапкер мен жеке бапкер арасындағы пікір алшақтығы, келіспеу жиі орын алып жатады. Себебі мемлекеттік деңгейде спорт түрлеріне арналған ортақ әдістеме жоқ. Әр бапкер өз білгенімен, ізденісімен шөкірттерін спортқа баулып, баптайды.

Министрліктің атауы тұрақтамай, біресе мәдениетке, біресе туризмге қосылып, министрлер жиі ауысады. Көбінесе спорттан хабары аз басшылар орынтаққа отырып, спорт саласына түбегейлі реформа жасауға асықпайды. Спортты қаржыландыру саласындағы жемқорлық тәуекелдері аз емес. Бұған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 39 жемқорлық қылмысын тіркеп, Олимпиада қарсаңында спорт саласын дамытуға жауапты бірнеше басшыны ұстауы дәлел болады.

Мәжіліс депутаты Нартай Аралбайұлы айтқандай, ел қазынасынан 180 спорт түріне қаржы бөледі. Пенчак силат, биатл, триатл, пентанк, текбол, черлидинг сынды аты мәлім, заты белгісіз спорт түрлерін қаржыландырудың не керектігі бар? Негізі, Астана қаласында спорт инфрақұрылымы қалыпты дамыды деп айтқанымызбен, спорт ойындарына арналған жабық кешендер тапшы. Ал өңірлер және ауылдар туралы айтудың өзі артық болар. Осылай саралай берсек, кемшіліктер толып жатыр.

МҮМКІНДІК ПЕН НӘТИЖЕ

Осы сұраққа жауап іздеп, отандық спорттың даму деңгейін саралауға болады. Егер салыстырмалы түрде алсақ, Токио Олимпиадасындағы 8 қола медальмен жалпыкомандалық есепте 83-орыннан, Парижде 1 алтын, 3 күміс, 3 қола медаль

еншілеп, 43-орынға көтерілдік. Яғни сапалық тұрғыда көрсеткіш жақсарды. Екінші жағынан, 1996 жылы Атлантада байрағы көтерілген Олимпиада ойындарында – 24, Сидней-2000 – 22, Лондон-2012-де 24-орыннан көрініп, спорттық державаларға жақын болдық. Осы жетістіктермен салыстырсақ, спорт саласының сапалық деңгейінің төмендеп, өз биігіне әлі шыға алмағанын ұғамыз.

Спорт шолушысы Анық Көнеайұлының сөзінше, Париж Олимпиадасында жеке бапкерлердің мотивациясы мен еңбегі ғана құтқарды. Спортқа бөлінген қаржы мен жүйенің алшақтығы, нақты стратегияның жоғын көрсетті. Құрамада психолог, физиолог, диетолог және тағы басқа мамандар жетіспеді. Ғылыми кешенді топ бокста ғана бар. Мұның да пайдасы тимеді. Дзюдодан тарихи медаль алдық. Алтын медаль – жеке спортшы мен жеке бапкердің талай жылғы еңбегінің жемісі. Бұдан дзюдо құрамасы жақсарып кеткенін көре алмаймыз. Күрес түрлері үшін Демеу Жадыраевтың күмісі жыртыққа жамау болды. Бұл да балуанның жеңіске деген құлшынысының жемісі. Өйтпесе құрама сол баяғы қалпында. Ескі жүйе, ескірген методика нәтиже бермей келеді. Өзге мемлекеттердің тәжірибесінде спортшыны тек медаль алу үшін жібереді. Бізде ел көрсін, жарыс көрсін деген ниет басым секілді. Спортқа үлкен реформа керек.

Құзға өрмелеуден біздің спортшылар екі Олимпиадада жақсы нәтиже көрсетті. Бұл – осы спорт түрінің жақсы дамып келе жатқанына дәлел. Олимпиадада бірнеше медаль әкелетін спорт түрлерін дамытуды қолға алу керек. Мәселен, француз жүзгіші Леон Маршан Парижде 4 алтын медаль алып, Қазақстан спортшылары соңғы үш Олимпиада ойындарында жеткен жетістікке жалғыз өзі қол жеткізді. Сондықтан жүзу, оқ ату түрлері, жеңіл атлетика, гимнастикаға да көңіл бөлу маңызды. Яғни бір спортшы 5-6 медаль алуға мүмкіндігі бар спорт түрлеріне басымдық берген.

Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев пен Олимпиадалық комитет төрағасы Геннадий Головкин – бокспен кәсіби түрде шұғылданған спорттың қыр-сырын жақсы білетін мамандар. Солай бола тұра, Парижде қазақ боксшылары алтын медальды ала алмағаны сын болды. Қазір желіде бас бапкер Мырзағали Айтжановты даттап та, жақтап та жатқан адам көп. Бәрінен бұрын Республикалық бокс федерациясы бас бапкердің еңбегіне баға берместен, негізгі кемшіліктерді сараламай-ақ, Айтжановты қызметінен босатып, орнына Қайрат Сәтжановты тағайындағаны қызу талқылануда. Мейлі ғой, Сәтжанов сәттіліктің жолын тапса, әрине, қуанамыз! Бірақ рингтегі жекпе-

КСРО және Еуропа чемпионатында бірнеше рет чемпион атанды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Азия чемпионаты мен ойындарында үздік бестікке енді. Бір кездері су добынан Қазақстан ерлер құрамасы Азияда азулы команданың бірі еді. Азия чемпионатында екі рет топ жарып, Азия кубогын иеленген команданың қазір жұрнағы да жоқ. Өзбекстанның футбол командасы Испания сынды мықты құрамамен доп тепкенде, Қазақстан командалық ойындардан мүлдем тыс қалды. Миллиардтар жұмсалатын футболдан қайыр болмай тұр. Бюджеті қомақты «Астана» баскетбол командасы елдегі баскетбол қозғалысын дамытуға септігі тимесе не үшін ұстап отырмыз? Пекин Олимпиадасында

МИНИСТРЛІКТІҢ АТАУЫ ТҰРАҚТАМАЙ, БІРЕСЕ МӘДЕНИЕТКЕ, БІРЕСЕ ТУРИЗМГЕ ҚОСЫЛЫП, МИНИСТРЛЕР ЖИІ АУЫСАДЫ. КӨБІНЕСЕ СПОРТТАН ХАБАРЫ АЗ БАСШЫЛАР ОРИНТАҚҚА ОТЫРЫП, СПОРТ САЛАСЫНА ТҮБЕГЕЙЛІ РЕФОРМА ЖАСАУҒА АСЫҚПАЙДЫ. СПОРТТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ АЗ ЕМЕС

жекпен қатар, спорт залдан тыс жерде шешілетін мәселелер аз еместігін ұмытпасақ болғаны. Оған бір кездері АИВА-да басшылық қызмет атқарған Бекет Махмұтовтың өнегесі мысал бола алады.

Олимпиада чемпионы Ерман Ыбраһымов қазір Қазақстан спортында буын алмасу кезеңі жүріп жатқанын айтып, 2028 жылғы Олимпиада ойынында чемпиондар шығатынын айтып, елді сабырға шақырды. Амандық болса, Лос-Анджелесте өтетін Олимпиаданы көрерміз.

НЕ КӨРДІК, НЕ ТҮЙДІК?

XX ғасырдың 50-жылдары Қазақстанда көгалдағы хоккей қалыптасып, даму жолына түсті.

спорттың алғанына 1 жыл да толмаған еркін күрес балуаны Разамбек Жамалов салмағында қарсылас шақ келтірмей, алтыннан медаль тақты. Біздің легионерлер болса не жүгіре алмайды, не күресе алмайды. Ортаңқол спортшылар. Бізге келген легионерлердің алтын медаль алғаны аз. Олар келеді, кетеді. Тұрақтап, елге сіңісіп, отандық спортты ілгерілетуге құлықсыз. Парижде қылық көрсеткен теннисшілер бұл ойымызға дәлел болады.

Парижде өткен Олимпиада ойынына әлемнің 207 елінен команда келсе, соның 93-і жүлде алды. 67 мемлекеттің спортшысы алтын медаль жеңіп алды. АҚШ пен Қытайдың алтын тең – 40/40. Тек америкалық спортшылар күміс медальмен көптігімен командалық есепте бірінші орын алды. Алғашқы ондыққа енген Жапония, Аустралия, Франция, Нидерланды, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Италия, Германия – әлемдік экономикадағы орны жоғары, индустриалды-инновациялық даму жолын тапқан елдер. Спорт елдердің экономикалық деңгейін саралайтын өлшемнің бірі екенін айттық.

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖЕТІСПЕЙДІ

Парижде көп талқыланған сұрақтың бірі – бокстан 57 және 66 келіге дейінгі салмақта алтын медаль алған қытайлық Лин Ютин пен алжирлік Иман Хелиф. Оларда V хромосомасының болуына байланысты спортшының жынысына күмәнданды. Дегенмен соққысы жойқын «еркекшора» қыздар деп түсініктеме берілді. Біздің елде де тепсе темір үзетін, ұрса опырып түсетін қайратты қыздар көп. Солар спортта өз жолын табуға жол ашатындар болса ғой, шіркін!

Парижде 32 дүниежүзілік және 125 Олимпиада рекорды орнады. Қазақ спортшылары рекорд орнатпай-ақ медаль алғанына қатты қуанамыз. Швед сырықпен секіруші Армаңд Дуплантис құстай ұшып 6,25 метр биіктікті бағындырды. Қытайлық жүзуші Пан Жанле 100 метрге еркін жүзде балықтай жүзіп 46,40 секундта өңсерді. Америкалық желаяқ Сидней Маклафлин-Леврон 400 метрге кедергілер арқылы жүгіруде жүйріктей жүйітіп, алдына жан салмады. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерде желаяқ, қолтауысар, саққұлақ, таусоғар кездескенмен, қазіргі қазақ қоғамында рекордтарды бұзатын мықтылар болмай тұрғаны қынжылтады. Кубалық грек-рим балуаны Мижайн Лопес бес Олимпиада қатарынан бес алтын алған тарихтағы алғашқы балуан атанды. Француз дзюдошысы Тедди Ринер бес дүркін Олимпиада чемпионы атанды. Біздің атлеттердің арасында бес рет түгілі, екі рет Олимп шынын бағындырғандар жоқ. Ессесіне Парижде Өзбекстанның үш спортшысы екі дүркін Олимпиада чемпионы атанды. Мұндай үздіктер Грузиядан да шықты. Қытайдың 10 спортшысы, Аустралияның 7 атлеті Парижде екі алтын медальдан жеңіп алды. Біз Ольга Рыпакова мен Елдос Сметовтың Олимпиада ойындарында жеңіп алған қола, күміс және алтын медалімен ғана мақтана аламыз. Өткен, бізге Бекзат Саттарханов сынды мұраты асыл спортшылар жетіспей тұр.

Спорт жүйесіз жұмыстарды кешірмейді. Ал Олимпиада ойындары елдің даму деңгейін, атқарылып жатқан жұмыстардың сапасын бірден көзге көрсетеді. Кениялық желаяқ Яви Уинфред 3000 метр қашықтықта алдына жан салмай, араб еліне бірінші алтын медальды сыйласа, артынша дағыстандық еркін күрес шебері Ахмед Тажудинов екінші алтын медаль алып, Бахрейн командалық есепте 33-орынға көтерілді. Мұндай тәжірибе Өзбекстанда да бар. Өзбек па-

ЕГДЕ ЖАСТАҒЫЛАР ҚАЛАЙ ТАМАҚТАНҒАНЫ ЖӨН?



ҚАРТАЮ ПРОЦЕСІН БАЯУЛАТУҒА БОЛАДЫ

Қартаю – бұл кез келген адамға келетін табиғи процесс. Оның негізінде ағзаның барлық деңгейлері, оның ішінде ас қорыту жүйесінде байқалатын жастық өзгерістердің баяу жинақталуы орын алады. Асқазанның қозғалысы және бөлу функциясы төмендейді. Мұндай өзгерістер 50 жастан асқан адамдардың 80 пайызына тән. Асқазан шырпының қышқылдығы және оның сіңіру қабілеті азаяды, бұл ішектегі шіріген микрофлораның дамуына себеп болады және ас қорыту процесіне теріс әсер етеді. Жұқа ішектегі қоректік заттардың сіңу жылдамдығы 2-3 есе төмендейді. Майлар мен көмірсутектерді игерудің нашарлауы мүмкін. Егде адамдарда жүрек-қан тамыры жүйесінің жұмысы нашарлайды, ұйқы безінде, сілекей бездерінде, бауырда жас шамасындағы өзгерістер байқалады. Егде жаста дұрыс тамақтанбау жиі созылмалы гастрит, жара ауруы, созылмалы гепатит, созылмалы панкреатит, созылмалы колит, қант диабеті және т.б. ауыр ауруларға әкеледі. Қартаю процесін тамақтану арқылы жылдамдатуға немесе баяулатуға болады.

АҒЗАҒА КЕРЕК ЗАТТАР

Егде жастағы адамдарды тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде ең алдымен ас қорыту жүйесінің төмендеген мүмкіндіктерін ескеру қажет. Осыған байланысты егде адамдардың тамақтануына қойылатын негізгі талаптар бар.

Оның біріншісі – біркелкілік. Яғни тамақтанудың сандық тұрғыдан біршама шектелуі, дәрумендердің, биомикроэлементтердің, фосфолипидтердің, көп қаныққан май қышқылдарының, алмастырылмайтын амин қышқылдарының және т.б. жеткілікті мөлшерін жосу есебінен тамақтанудың жоғары биологиялық толыққандылығын қамтамасыз ету. Кейбір тамақ өнімдерінде едәуір мөлшерде болатын табиғи антиоксиданттық заттармен тамақты байыту. Қартайған организмнің тағамдық заттарға деген қажеттілігін толық қанағаттандыру – аурудан қорғаудың кепілі.

Ақуыз деген қажеттілік. Егде жаста жалпы жұмысқа қабілеттіліктің төмендеуі және қарқынды дене жұмысын тоқтату ақуыз нормасын азайтуға негіз болады. Алайда егде адамдарда тозған, ескірген жасушалардың қалпына келтіру қажеттілігі сақталып отырып, ол үшін ақуыз қажет (тіндердің тозуы неғұрлым көп болса). Содан кейін майға деген қажеттілік. Егде жастағы адамдардың тамақтануындағы майларды шектеу қажет. Майды мол тұтынудың атеросклеротикалық процестің дамуымен байланысы анықталды. Сары маймен қатар өсімдік майын да пайдалану

Астаналықтардың өмір сүру ұзақтығы 77,3 жылға дейін ұлғайды. Бұл денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру мен халықтың әл-ауқатын арттыру бағытында жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар кешенінің нәтижесі деуге болады. Белсенді ұзақ өмір сүрудің тағы бір қағидаты – дұрыс тамақтану. Әсіресе, қарт адамның салауатты өмір салтының маңызды компоненті ретінде бұл проблема өзекті. Осы саланың маманы ретінде егде жастағы адамдардың тамақтану ережелері қандай, ағзаны қалай күтуі керектігі жөнінде жазғанды жөн көрдім.

қажет. Ол тәулігіне 20-25 г мөлшерінде егде жаста қажетті заттардың (жартылай қаныққан май қышқылдары және т.б.) жеткілікті түсуін қамтамасыз етеді.


Көмірсутектерге қажеттілік. Жалпы қабылданған теңдестірілген тамақтану формуласында көмірсутектердің мөлшері ақуыз санынан орташа есеппен 4 есе артық. Ақуыз пен көмірсутектердің мұндай арақатынасы егде жастағы адамдар үшін белсенді, жылжымалы өмір салтында ғана қолайлы. Аз физикалық жүктеме кезінде көмірсутек мөлшері төмендетілуі тиіс. Көмірсутек көзі ретінде тұтас астықтан жасалған өнімдер (қара бидай және тұсқағаз ұнынан пісірілген бидай наны және т.б.), сондай-ақ картоп және басқа да көкөністер қажет. Сондай-ақ құрамында клетчатка мен пектинді заттар көп болатын өнім-

қан тамырларының қабырғаларында кальций құрамы артады. Адам тағамындағы магний көздері – астық және бұршақ өнімдері. Магнийге тәуліктік қажеттілік 400 мг құрайды.

Калий сондай-ақ егде жаста және қартайғанда үлкен рөл атқарады. Ол организмнен су мен натрий хлоридінің бөлінуін арттырады. Бұдан басқа, калий жүректің қысылуын күндейтеді. Калиймен күнделікті қамтамасыз етуге тамақ рационының барлық өнімдері қатысады. Алайда егде жаста мейіз, өрік, картоп – калийдің ең тиімді көзі. Егде жастағы адамдар үшін сүт және сүт өнімдерін, картопты, көкөністер мен жемістерді жоғары тұтыну есебінен тамақтанудың сіттілік бағдарын күшейту қажет. Жалпы көптеген адамда йод тапшылығы кездеседі. Йод-

картоп пюресімен әзірленген – 85/150 г., компот – 150 г. **Түскі ас:** итмұрын қайнатпасы – 150 мл., көкөніс немесе жеміс шырыны – 200 мл. **Кешкі ас:** сүзбе пудингі – 100 г., көкөністермен фаршталған голубцы (өсімдік майында) – 150 г. **Түнге:** Айран – 200 мл. Күні бойы: нан – 250-300 г., қант – 30 г., сары май – 10 г. Белсенді ұзақ өмір сүрудің құпиясына келсек, генетиктердің пікірінше, адамның биологиялық жасы 150 жылға «көзделген». Кем дегенде 100 жыл өмір сүру үшін сонымен не істеу керек және не істеудің қажеті жоқ? Жалқаулық пен артық тамақтану – өмірді қысқартатын ең қауіпті кемшіліктер. Ашулану, қызғаныш, күйзеліс, құмарлық, сабырсыздық – ауруға әкелетін және өмірді қысқартатын негізгі себептер.

Адамға бақытты өмір сүруге не көмектеседі? Еңбек, белсенді демалыс және ұтымды та-



дерді пайдалану керек. Клетчатка организмнен холестеринді шығаруға ықпал етеді. Аса белсенді биологиялық әсер ететін шикі көкөністер мен жемістердің ерекше құндылығы бар.

Дәрумендерге қажеттілік. Дәрумендер қартаю процесін белгілі бір дәрежеде тежеуге қабілетті. Тамыр және жүйке жүйелерінің жай-күйіне қалыпқа келтіретін әсер ететін витаминдер, сондай-ақ атеросклеротикалық процестің дамуын тежеуге байланысты реакцияларға қатысатын витаминдер ерекше маңызға ие. Бұл витаминдер: С, Р, В12, В6.

Минералдық заттарға қажеттілік. Егде адамдардың минералдық алмасуында кальций ерекше маңызға ие. Оның артық болуы қан тамырларының қабырғаларында, буындарда, шеміршектерде және басқа да тіндерде тұздардың шөгудіне әкеледі. Қазіргі уақытта қарт адамдар үшін кальцийдің жалпы танылған нормасы ересектер үшін қабылданған норма – тәулігіне 800 мг. Егде жастағы маңызды минералдық элемент – магний. Ол антисамастикалық және қан тамырларының кеңейтуге әсерін тигізеді, ішектің перистальтикасын ынталандырады және өт шығаруды арттыруға ықпал етеді. Магнийдің қандағы холестеринді төмендетуге әсері анықталды. Магний жетіспеген жағдайда

талған тұзды қолдану немесе калий йодидінің тәуліктік дозасын 150 мкг пайдалану арқылы йод тапшылығының алдын алу қажет.

ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУДІҢ ҚҰПИЯСЫ

Тамақтану режимі ағзаның қартаюының алдын алады. Оның негізгі қағидаларына тамақтану қатан түрде бір уақытта болу керек, көп мөлшерде тамақ ішуді шектеу қажет, тамақ ішу арасында ұзақ аралықтарды болдырмау және төрт рет тамақтану ұсынылады. Күніне бес рет тамақтану режимі белгіленуі мүмкін. Мұндай рацион қартайған кезде неғұрлым ұтымды, тамақты азырақ порциямен және әдеттегіден жиі ішу керек. 4 рет тамақтанған кезде тамақ рационы былайша бөлінеді: бірінші таңғы асқа – 25%, екінші таңғы асқа – 15%, түскі асқа – 35% және кешкі асқа – тәуліктік рационның 25%. Егде жастағы адамдарға арналған болжамды күндізгі рацион: бірінші таңғы ас: омлет – 100 г., сүтті сұлы ботқасы – 150 г., сүтті шай – 150/50 г. Екінші таңғы ас: жаңа піскен жемістер немесе жидектер – 150 г., пісірілген алма – 130 г. Түскі ас: қаймақты сәбізден жасалған салат – 100 г., вегетариан сорпасы (өсімдік майымен) – 250 г., пісірілген балық,

мақтану режимін сақтау. Сырқаттанбай, ұзақ өмір сүргің келсе, жүру керек. Қарапайым дене жаттығулары мен серуендеу – қарт адамға тамақтан артық қажет. Қалыпты және қолдан келетін дене жүктемесі эндорфиндер – бақыт гормондарының өндірілуін бес есе ұлғайтуы мүмкін.

Зиянды әдеттерден бас тарту (темекі шегу, алкогольдік ішімдіктерді тұтыну және т.б.). Есте сақтау және ақыл-ой айқындығы үшін мидың белсенді жұмысы.

Мидың сілкінуіне жол бермеу: кәсіби жұмысты жалғастыру, жас әріптестерге көмектесу, мақалалар, кітаптар жазу, шет тілдерін үйрену, кроссвордтарды шешу, өлеңдер жаттау. Пульсті және артериялық қысымды бақылау. Қалыпты жағдайда жүрек тербелісінің жиілігі минутына 60-70 соққыға тең. 60 және одан жоғары жастағы артериялық қысым 80-90 мм сынап бағанына 160-тан аспауы тиіс. Әрдайым есте сақтау керек: тек бақытты адам ғана ұзақ өмір сүре алады, ал бұл тек адамның өзіне байланысты.

Фарида БЕКЕНОВА,
Астана медицина университетінің гериатрия курсы және ішкі аурулар кафедрасының профессоры, жоғары санатты дәрігер

Астана қаласында маусымдық тұмау және тұмауды тудыратын жіті респираторлық инфекциялардың таралуына байланысты профилактикалық шаралар басталды.

ТҰМАУҒА ҚАРСЫ ЕКПЕ БАСТАЛАДЫ

Денсаулық сақтау министрлігі екі жылдан бері коронавирус инфекциясына мониторинг жүргізіп келеді. Нәтижесінде қазіргі таңда елде респираторлық вирустар, соның ішінде коронавирус айналымы да бар екенін көрсеткен. Мәселен, жыл басынан бері КВИ бойынша 1 290 жағдай тіркелді. Соңғы деректерге сәйкес, Қазақстанда әлемдегідей 100 пайыз жағдайда Омикрон штаммының түрлі нұсқалары айналыста жүр. Сондықтан «2024-2025 жылғы эпидемиялық маусымда тұмау, өткір респираторлық вирусты инфекция (ЖРВИ) және коронавирус инфекциясы бойынша санитарлық-профилактикалық, санитарлық-эпидемияға қарсы іс-шаралар өткізу туралы» қаулыға қол қойылды. Онда ЖРВИ, тұмау және COVID-19 бойынша эпидемиялық маусым мерзіміне профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралар қарастырылған. Атап айтқанда, 1 қыркүйектен бастап тұмауға қарсы екпе жүргізіледі. Медициналық ұйымдарда: кіреберісті «сүзгі» жұмысымен қамтамасыз ету, бетперде тағу, антисептиктердің болуы шарт. ЖРВИ, тұмау байқалған бір жасқа дейінгі сәбилер мен жүкті әйелдердің үйге шақыртуына бірінші кезекте қызмет көрсетіледі.

Ақбөпе ШАЖАЛИЕВА, Астана қаласы №7 емхана дәрігері:

– Алдағы 15 қыркүйектен бастап профилактикалық егулерге жататын тұрғындар арасында ұжымдық иммунитетті қалыптастыру мақсатында екпе егіле бастайды. №7 қалалық емханада арнайы сүзгі кабинеттері балаларға, ересектерге, жүкті әйелдерге қабылдау жүргізеді. Мәселен, тек 19 тамыз күні барлығы 64 адам сүзгі кабинеттеріне жүгінген, оның



ішінде балалар саны – 30, ересектер – 34, жүкті әйелдер – 2, пневмония балалар арасына 4 рет тіркелді. Маусымдық инфекция қыркүйек айынан басталатынына қарамастан, қазіргі таңда науқастар саны артауда. Осыған орай 1 қыркүйектен бастап медицина қызметкерлеріне бетперде тағу қаулы бойынша міндеттеліп отыр. Тұмауға қарсы екпе жасатуды әр адам өзі шешеді, бірақ вакцинациялауды бірінші кезекте қажет ететін адамдар санатында – 60 жастан асқан адамдар, ЖРА-мен жиі ауыратындар, мектеп жасына дейінгі балалар мен оқушылар, созылмалы соматикалық аурулармен ауыратын науқастар, медицина қызметкерлері және қызмет көрсету, көлік, оқу орындарының қызметкерлері бар. Айтпа кету керек, тұмауға қарсы иммунитет екпе күнінен бастап екі апта бойы қалыптасады. Жалпы, тұмау, ЖРВИ, КВИ ауруларының алдын алу үшін профилактикалық шараларды сақтаған жөн. Үйдің немесе өзіңіздің жұмыс істейтін ғимараттың ішін жиі-жиі желдетіп отыру керек. Қолды таза ұстау үшін отбасыңызға антисептикалық құралдарды пайдалануды үйреткен артық етпейді. Барынша нақты адамдармен байланысты шектегеніңіз дұрыс. Егер ауырып тұрған адамдармен байланысатын болсаңыз, міндетті түрде бетперде таққан жөн, сонымен қатар медициналық көмекке дер кезінде жүгінгеніңіз абзал.

КОЛОНОСКОПИЯ ТОҚ ШЕКТІ ТЕКСЕРЕДІ

Тоқ ішектің қатерлі ісігі – бұл ішек қабырғасының эпителийінен дамиды қатерлі ісіктер тобының атауы. Әдетте ерте кезеңдерде симптомдары байқалмайды. Сондықтан 50 жастан бастап барлық адамдар үшін скринингтік тексеруден өту маңызды. Бұл туралы толығырақ Астанадағы Көпсалалы медицина орталығы эндоскопия бөлімшесінің меңгерушісі Алексей Зеленый айтып берді.

«Колоноскопия – тоқ ішек патологиясын зерттеудің алтын стандарты. Біздің елімізде барлық емханаларда колоректальды қатерлі ісік скринингі жүргізіледі. Еліміздің 50 жасқа толған барлық тұрғындары скринингтің осы түрінен өте алады. Бірінші кезеңде нәжісті жасырын қан сынағын тапсырады. Оң нәтиже болған жағдайда, нәжісте қан табылса, колоноскопия тағайындалады. Колоноскопияны тұрғылықты жері бойынша емханада да, біздің орталыққа жолдама бойынша да өткізуге

болады» дейді дәрігер. Оның айтуынша, ағалыш тексеру тоқ ішектің ең мұқият барлық өзгерістерін – 1-2 мм полиптерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл бүгінгі таңдағы жоғары сапалы, айқын суретті бар заманауи эндоскопиялық тіректердің болуына байланысты. Сондай-ақ скрининг кезінде 5-7 мм-ге дейінгі полиптерді алғашқы тексеру кезінде алып тастауға болады. Егер де ірі өзгерістер болса, гистологиялық зерттеуге биопсия алынып, стационар жағдайында бұл түзілімдер жойылады.

ТОЙ ТОЙҒА ҰЛАССЫН!

Өткен ғасырда Баянауыл топырағында елдің әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени ілгерілеуіне үлес қосқан бір топ тұлғалар шоғыры шықты. Олар бір-бірін құрметтеп, ағалы-інілі байланыс орнатып, тілеулес болды. Сондай тұлғалар арасынан мерейтойлық жылы саналатын Жүсіпбек Аймауытовты, Қаныш Сәтбаевты, Әлкей Марғұланды, Шәкен Аймановты ерекшелуге болады.

Бұлардың әділ бағасын тарих әлдеқашан берді. Біздің ендігі міндетіміз – тұлғатану ілімі аясында тұлғалардың тағылымын дәріптеп, қасиет-қабілеті мен болмыс-бітімін жас ұрпақтың бойына сіңіру. Павлодарлық өңірлік билік осы бағыттағы жұмыстарды қолға алып, Ж.Аймауытовтың 135 жылдығын, Қ.Сәтбаевтың 125 жылдығын, Әлкей Марғұланның 120 жылдығын, Ш.Аймановтың 110 жылдығын жыл көлемінде атап өтуді жөн санапты. Оның нақты айғағы – Ж.Аймауытов, Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан және Ш.Аймановтың өмір жолын тереңнен толғаған сапалы кітаптардың тұсауы өтіп, қалың жұртшылыққа таныстырылды.

16 тамыз – мерейтойдың бірінші күні. Павлодар қаласындағы «Достық» үйінде «Академик Қ.Сәтбаев феномені: кеше мен бүгін» атты республикалық конференция өтіп, сәтбаевтану ілімінің бір парағы ашылды. Ғылыми шарада ғалымның еңбегі сараланып, атқарған бастамалары жан-жақты дәріптелді.

Түс ауа Баянауыл ауданындағы Мұса Шорман ауылына жол түсті. Делегацияны сенатор Алтынбек Нұхұлы бастады. Көпшіліктің арасында ғалымдар Тұрсын Жұртбай, Герой Жолтаев, Ұлықпан Сыдықов, ақындар Жүрсін Ерман, Тыныштықбек Әбдікәкімұлы, әнші-композиторлар Шаһимардан Әбілев, Ерлан Төлеуғай бар. Сондай-ақ Қаныштың туған жиені Әлима апайды көрдік. Мәжіліс депутаттары Аманжол Әлтаев, Жанарбек Әшімжан, Жарқынбек Амантайұлы көпшіліктің арасынан көрінді.



ҚАНЫШТЫҢ ТОЙЫ – ҚАЗАҚТЫҢ ТОЙЫ

Астанада жүйткіген көлік Павлодар облысын бағытқа алды. Ондағы мақсат – академик Қаныш Сәтбаевтың мерейтойына қатысып, қуанышқа ортақтасып қайту. Бізді Баянауыл ауданы әкімдігінің өкілдері мен белсенді азаматтары күтіп алып, этноауылға жол бастады.



Бұрын Теңдік деп аталған, қазіргі Мұса Шорман ауылының кіреберісінде 35 тарихи тұлғаға арналған аллея жасалыпты. Түнде жарқырап жанатын бұл белгілердегі суреттерді Алмас Сырғабай салып, өлеңдерін ақын Аспанбек Шұғатай жазыпты. Дәл осы ауылда Қаныш Сәтбаев туып, өмірді таниды. Сондықтан мерейтойға жиналғандар ғалымның ізмен жүргендей әсер алды. Көп өтпей Мұса Шорманұлының зиратына тоқтап, осы далада туған, өсіп-өнген тарихи тұлғалардың рухына құран оқып, ел тыныштығы үшін дұға тіледік.

17 тамыз – мерейтойдың екінші күні. Таңертеңгі сағат тоғыз болмай Мойылды шатқалында тойшыл қауымның қарасы көбейіп, ақ шаңқан үйлердің есігі ашылып, ұлттық дәстүр, ұлттық мұра әдемі көрініс тапты. Думанды тойға Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов арнайы келіп,

Президент құттықтауын жеткізді. Академик Қаныш Сәтбаев – мың адамның еңбегін жасап, артына мың жылға татитын мұра қалдырған адам. Сонысымен-ақ ғалым есімі ұлт тарихында ғана емес, әлем ғылымы тарихында алтын әріптермен жазулы. Сондықтан Қанышты дәріптеу – қазақ ғылымын дәріптеу, қазақ тарихы мен рухын дәріптеу, – деді Ерлан Қошанов.

Киелі өңірде дүниеге келіп, есімі елге танылған тұлғаларға арналған лайт бокстардың ашылуына куә болдық. Мұны тарихқа тағзым, ұлғаларға құрмет деп қабылдадық.

Тойшыл қауымның назарын аударған іс-шара айтыс болды. Расында, мерейтойдың ең негізгі ақындар айтысына бағытталыпты. Елдің түкпір-түкпірінен келген 12 ақын сөз таластырып, ой жарыстырып, көпшілікке ұтымды ой, ұтқыр сөз айтуға тырысты. Бізді қуантқаны Жүрсін Ерман ағамыз ақындардың шабытын анықтап, төрелік етті.

Академиктің 125 жылдығына арналған айтыста бас жүлдені жергілікті ақын Аспанбек Шұғатаев еншіледі. Ақындардың ішінде шоқтығы биік, өзіндік ізі бар маңғыстаулық Абай Жолмағанбет бірінші, қарағандылық Тілеген Әділов екінші, шымыкенттік Нұрлан Есенқұлов пен екібастұздық Рауан Қайдар үшінші орынды иеленді.

Түс ауа жұртшылықтың арқасын қоздырған аламан бәйге мен командалық көкпарға куә болдық. Балуандар бәсекесі де тартысты өрбіді.

Баянауылдық белсенді азамат Айбат Ыдырысов көпшілік жұмыла атқарған істе береке бо-

латынын айтып: «Павлодар облысына қарасты аудандар «Қаныштың тойы – қазақтың тойы» деп атсалысып, тойдың шашбауын көтерді. Баянауылдың іскер азаматтары тойшыл қауымды қарсы алуға барынша қолдау көрсетіп, ақ шаңқан киіз үйлер барлық қонақты құшақ жая қарсы алып, дәм ұсынды. Тіпті Мойылды шатқалына асфальт төселіп, жаяу жүргіншілерге қолайлы етті. Бұл тойды көрген де, көрмеген де арманда» деді.

СӘТБАЕВ ТАҒЫЛЫМЫ

Баянауылдан шыққан тарихи тұлғаларды талдайтын болсақ, Бұқар жыраудан бастап бүгінде елдіктің жолында абыройлы қызмет етіп жүрген ағаларымызға дейін тоқталу керек-ақ. Бұл көлемді еңбекті талап ететіні анық. Сондықтан мерейтой иелеріне қатысты тұлғаларға ғана тоқталсақ, ойымызға Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы келеді. Ол замандас інілерімен жақын араласып, рухани демеу, батасын бергені тарихтан жақсы білеміз.

«Өз тұсында Шорман баласы Мұсадан жорға озған жоқ. Осы күнгі жастарда Қаныш Сәтбаев – адамның жорғасы. Тірі болса, бақты, талайлы болатұғын жігіт. Өлі Мұсаға Құдай рахмет қылсын, тірі Қаныштың өміріне Құдай береке берсін!» деп батасын берген нақ осы Мәшһүр Жүсіп еді.

Ақын дәл таныпты, өз заманында Қ.Сәтбаевтың білім-білігі, таным-тағылымы жағынан алдына түсетін жан болмады. Баянауылдан 40 академик шықты десек, бірінші кезекте заман адамы, ел азаматы болған Мұса Шорманның ықпалы зор. Қаныш Сәтбаев та Ақкөліндегі Мұса Шормановтың мектебінен қаріп танып, сауатын ашады. Сосын Керекудегі екі сыныптық орыс-қазақ мектебінде білім алады. Білімге ынтық жүрек Семейге барып, губерниядағы элиталық мұғалімдер семинариясына қабылданып, сонда жазушы Мұхтар Әуезовпен бірге оқытушылық курсты игереді.

Бұдан кейінгі кездері Алаш партиясының идеясын насихаттауға үлес қосады. Осы тұста Алаштың рухани ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының бағыттауымен «Алгебра» оқулығын жазады.

Алаш қайраткерлері лек-



гімен ұсталып, қуғындалып жатқанда, олардың соңғы үміті Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан еді. Өтпелі кезеңдерде аман қалып, елдіктің жолында қызмет етуді бір жолы кеңестік билікке қызмет ету еді. Бұдан өзге жол өлімге апарды. Осыны түсініп, қазақ ғылымына қызмет ету, осы арқылы аға бұынның арман-мұратын орындауға болатынын жақсы түсінді.

XX ғасырдың 20-жылдары Қаныштың ауылына туберкулезден емделуге Томск технологиялық университетінің профессоры, геолог Михаил Усов келеді. Профессор Қанышты геология ғылымына қызықтырып, Томск технологиялық университетіне түсуге жол ашады. Сөйтіп, Қаныш Сәтбаев Томск қаласындағы технологиялық университеттің геологиялық барлау бөлімінің студенті болады. Геология ғылымының қыр-сырына қанығып, маманданған жас геолог Орталық Қазақстан территориясындағы барлық барлау және іздеу қызметін басқарады.

Академик Әбдімәлік Нысанбаев: «Осы кезге дейін зерттеушілер мен жазушылар қазақ даласының қойнауындағы кен байлықтарды болжап табудың, оны тиімді тәсілмен өндірудің, жедел ел игілігіне жаратуың ғажайып үлгісін көрсетіп, Қазақстанның қазіргі өнеркәсібінің іргетасын қалаған, осы еңбегі үшін өз за-

манындағы ең жоғары марапаттар – КСРО-ның Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтарына ие болған, бүкіл Орталық Азия ғалымдары арасынан алғашқы болып сол кездегі Одақтық Ғылым академиясына толық мүшелікке сайланған, Қазақстан Ғылым академиясының оның тұңғыш президенті ретінде ұйымдастырып, оны кешенді сан-салалы ғылыми-зерттеулер ордасына айналдырған адамның өмір жолын, ғылыми-дүниетанымдық және қоғамдық-гуманистік қызметін, кейбір кісілік қасиеттерін біршама зерттеп те, жазып та жүр. Алайда Сәтбаевтың рухани әлемі, құндылықтар жүйесі, оның адам таңғаларлық намысы, қажыр-қайраты мен мұқалмас рухының қайнар көздері туралы біртұтас түсінігіміз өзінге қалыптаса қойған жоқ» дейді.

Сәтбаевтың қазақ ғылымын қалыптастырып, дамытудан бөлек, Семей қаласындағы Абай кешін ұйымдастыруға белсене араласып, А.Затаевичке қазақтың 25 әнін айтып беріп, ноғата түсіртуі, Баянауыл тауының бөктерінде «Еңлік-Кебек» спектаклін қойып, өзі де рөлде ойнауы, Мәскеуден «Ер Едіге» дастанын кітап етіп бастыруы, қазақтың тұңғыш театры туралы мақала жазуы ұлт руханиятына қызмет етіп, ағалар аманатына адалдық танытуы деп білеміз.

P.S:

«Туған жердің тағдыры толғантпаған, жаны тебіреніп, ол туралы ойланбаған адамды қайтіп азамат дейміз? Туған жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат бөгде жердің алтын тасын да мақтан жарытпас». Бұл – академик Қаныш Сәтбаевтың сөзі. Міне, Қаныштың тойында осындай ой түйіп қайттық. Бұл – ғалымның бізге мирас еткен ғибраты. Осы ғибраттан тағылым алмай, дамудың жолын табуымыз қиын.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ,
Астана-Павлодар-Баянауыл-Астана

ШАҒАР ШЕЖІРЕСІ

АЛПЫС ЖЫЛ ЕСІГІ АЙҚАРА АШЫҚ

1950-жылдардың ортасында Ақмола қаласы тың игеруге байланысты қарқынды дамыды, 1961 жылы Целиноград болып аталды. Тың өлкесіне айналған шаһарға Мәскеуден, Ленинградтан құрылысшылар келіп, қаланың бет-бейнесі тез өзгере бастады.

1960-жылдардағы Целиноград құрылысының қарқынды жергілікті тұрғындарды ғана емес, бүкіл Кеңес елін таңғалдырды. Ленинградтан бөлшектеп әкелінген бес қабатты тұрғын үйлер бірнеше аптаның ішінде жиналды. Олар әлі де елорданың ескі орталығындағы көшелерде тұр, оны байырғы қала тұрғындары әлі де «ленинградтық» деп атайды.

Барлық жаңа ғимарат қатаң тәртіппен қаланды. Жаңа жоба-

лар сәулетшілерді одан әрі шабыттандырып, құрылыс өркендей түсті.

Сол жылдары Қазақстанның болашақ астанасының ауқымы кеңіді. Ескі мәселелер шешіліп, оның орнына жаңа міндеттер туындады, кейде жаңа мен ескі астасып жатты.

Қала күннен-күнге түрленді. Сөйтіп облыс орталығында түрлі шара өтетін қоғамдық ғимарат салу жоспарланды. 1961 жылы КОКП бірінші хатшысы Никита

Хрущев Целиноградқа келгенде кәсіпорындардың бірінде келелі жиналыс өткізді. Осы оқиғадан кейін Тың игерушілер сарайын салу туралы шешім қабылданды. «Латтипрогорстрой» Рига институтының сәулетшілері П.Ю.Фогель, Д.К.Даннеберг және О.Н.Краулик әзірлеген ғимараттың жобасы Целиноградта жүзеге асты.

Тың игерушілер сарайының құрылысы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі бекіткен жоба-

лық-сметалық құжаттама бойынша 1961 жылы 15 қазанда басталып, 1963 жылы 6 қарашада пайдалануға берілді.

2340 орындық жаңа аудиториясы мен 150 орындық дәмханасы бар үлкен ғимарат партиялық жиындар, концерттер, фильм көрсетілімі, жаңа жылдық мерекелер, фестивальдар өтетін қаланың мәдени өмірінің орталығына айналды. Алпыс жылдан астам халыққа қызмет етіп келе жатқан ғимарат Тәуелсіздік жылдары, алдымен, Конгресс-холға, соңында «Астана» концерт залына айналды. Қазір мұнда қалалық филармония орналасқан.

Ғазиза ИСАХАН



ҮКІМЕТ НАЗАРЫНА

Қазақстан Президентінің Жарлығымен шілде айының бірінші жексенбісі Ұлттық домбыра күні болып белгіленді. Өте лайықты, дұрыс шешім! Ұлттық аспабымызға айрықша мәртебе берілгеніне халқымыз ерекше қуанды. Жыл сайын жоғары деңгейде атап өтеміз.

2019 жылы Астана қаласында өткен Ұлттық домбыра күніне арналған салтанатты жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Баршамызға ортақ құндылық – домбыраны жан-жақты насихаттап, жас ұрпақтың санасына сіңіру өте маңызды. Домбыра аспабы – қайталанбас асыл дүние. Сондықтан мектепте домбыра үйрену сабақтарын енгізу – қажетті әрі дұрыс бастама. Себебі қазіргі жаппай жаһандану уақытында халқымызға тән бірегей құндылықтарды жаңғырта беруіміз қажет» деді. Бұл бастаманы халық үлкен ықыласпен қабылдады.

Ал 2021 жылы болған «Домбыра» мейрамында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев озық мәдениеті бар ұлттың рухы әрдайым биік болары сөзсіз дей келе, өскелең ұрпақ осы киелі өнерді лайықты жалғастыруы тиіс екенін айтты. Мектепте домбыра үйренуге арналған факультатив сабақтарын енгізу туралы бастаманы қолдайтынын жеткізді және бұл сабақтар балаларымыздың ұлттық санасының күшеюіне және олардың көзқарасы мен мәдени танымының кеңеюіне оң ықпал ететініне сенім білдірді.

Қазір біздің санамызда «Президент ұсынысын жүзеге асыруға біздің оқу жүйеміз дайын ба?» деген сұрақ туындайды. Кейбір мектептерде домбыра сабақтары енгізіліп, нақты жұмыстар жасалып жатқанын көріп жүрміз. Соның ішінде Астанадағы физика-математика бағытындағы зияткерлік мектебінде (жетекшісі күйші-домбырашы А.Тоқтаған) жүйелі қолға қойылған. Мектеп директорының бұйрығымен 7-8-9 сыныптарға элективтік домбырада үйрету курстары енгізілгеніне 10 жылдай болған екен. Қажырлы еңбектің арқасында жоғарыда аталған оқу орнының 1000-нан астам оқушысы бір мезгілде 3-4 күйді тартып, Гиннестің рекордтық кітабына енді. Бұл – бірен-саран мысал. Жалпы барлық мектепте домбыра сабағы немесе курстары енгізілді деген ақжолтай хабарды естіген жоқпыз.

Тағы бір айтылып және жазылып жүрген мәселелердің бірі ол – оқу орындарында үзіліс жариялау кезінде білім алушыларды күймен сабақтан шығарып-кіргізу мәселесі. Осы үрдісті енгізуге қолбайлау болып жатқан неңдей жағдайлар бар екендігін әлі күнге дейін түсінбей-ақ қойдым. Бұл қадамның (шешімнің) арғы жағында терең мәселелердің жатқандығы туралы көпшілікке жария етілгендігіне бірнеше жылдай болды. Мысалы, мектеп табалдырығын аттаған кезде күй ойнап тұрса, үзіліске күймен шығып, сыныпқа күйдің даусымен кіріп жатса, көпшіліктің қатысуымен өткізілетін шараларда күйдің үні басым болса, ондай ортада кім болмасын шынайы патриоттық сезімнің пайда болмауы мүмкін емес. Бұл да – бір қайнауы жетіп шешілуге тиісті мәселенің бірі.

Оқу орындары басшыларымен әңгімелесу барысында жоғарыда көтерілген мәселелердің оң шешілуі үшін көптеген қиындықтар мен кедергілер бар екенін байқаймыз.

Бұдан кейін екінші мәселе туындайды. Мектептерге домбыра пәні немесе курстар енгізілсе, шәкірттерге дәріс беретін ұстаздарымыз дайын ба, бар ма?



ДОМБЫРАНЫҢ ИЕСІ мен КИЕСІ

Музыкалық бағыттағы оқу орындарында оқып жүрген студенттер бар. Бірақ олар жеткіліксіз. Сол себепті бастауыш сынып мұғалімдері домбыра тартуға үйрету бойынша әдістермен тәсілдерді игеріп сабақ беретін деңгейге жеткізілсе, ол да оң іс болар еді. Сонда ғана Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтқан сөзі жүзеге толық асатыны анық.

Бәрі де заң жүзінде болғаны жөн. Бірінші кезекте ҚР Оқу-ағарту министрлігінің қазақ мектептерінде домбыра сабағын немесе курстарда оқыту туралы арнайы бұйрығы шыққанын дұрыс деп ойлаймын. Сонда оқу орындарының басшылары айтылған тапсырманы орындауға міндетті болады. Ал әзірге нақты іс-қимыл жоқ. Мектеп директорларымен сөйлескенімізде олар әртүрлі себептерді алға тартып, бұл мәселені кейінге шегеріп отырған жайлары бар.

Басты мәселенің бірі – мемлекеттік мәртебесі бар мекеме жасап жатқан домбыралардың жоқтығы. Музыка аспаптарын ресми сататын дүкендерде де біздің домбыралар сатылмайды. Оның себебін анықтап көрсек, аспап жасаушы шеберлер мен ұсталар сатушының қолына салық органдары тексеру кезінде нақты тауардың бағасын белгілеуге негіз болатын есеп-шот фактура құжатын бере алмайды. Өйткені домбыраны жеке адамдар жасаған. Ал мектепке құрал-жабдықтар мемлекет бюджетінің қаражатына алынатын болғандықтан, әрбір жұмсалған қаражаттың қағаз түрінде негіздемесі болуы тиіс. «Осындай мекемеден осындай домбыра сатып алдық» деген ресми құжаттары жоқ. Мұндай тығырыққа келіп тірелуіміздің басты себебі – елімізде мемлекет тұрғысынан домбыра жасайтын өнеркәсіптің жоқтығы!

Қазіргі жасалып, сатылып жатқан домбыраның барлығы – дерлік жеке аспап жасаушылардың қолынан бейресми шыққан дүниелер. Сол себепті алып жүрген домбыралар талапқа сай келе бермейді. Себебі Өзбекстан (Қарақалпақстан), Қытай сияқты көрші елдерде сапасыз жасалған аспаптарды алып келіп 15-20 мыңға сатады. Ондай домбырамен балаларды үйретудің орнына, бетін қайтарамыз. Яғни, жетілмеген аспап болған соң, оның үні де дұрыс шықпайды.

Елімізде ұлттық аспаптарды жасауға қойылатын талаптардың жоқтығы бізді қатты мазалайды. Мысалы, ұсталарды лицензиялау мәселесін қолға алынып, олардың білімдері сай келе ме, домбыраға қойылатын талаптарды біле ме деген сұрақтарға жауап табу қалар еді. Сонда ғана Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтқан сөзі жүзеге толық асатыны анық.

Ерине, домбыра шеберлері қандай ағашты пайдаланды, аспапты қалай жасауға әдіс-тәсілдерін біледі. Дегенмен аспап жасау ағаштан түйін тую емес. Айталық, кез келген шебер адам музыкалық аспапты ағаштан ойып жасауы мүмкін. Бірақ одан сапалы үн, ноталарға сәйкес шығара ала ма?

Мемлекет тарапынан, соның ішінде Мәдениет және ақпарат министрлігі осы мәселені күн тәртібіне қойып, терең зерттеп, түбегейлі шешуі қажет деп есептеймін. Домбыра – ұлттық брендтіміз. Ұлттық деген атау жай сөз емес. Ұлттық мәртебе мәдени мекемелерге, жоғары оқу орындарына тағы басқа нысандарға халықаралық және отандық заңнамаға сәйкес Президенттің шешімімен не Үкіметтің қаулысымен тағайындалады. Жан-жақты сараптамадан өткен соң, талаптарға сай болғанда ғана беріледі.

Біз домбыраны ұлттық аспабымыз, халықтық мұрамыз деп айтып жүрміз ғой. Бірақ заң шеңберінде қарағанда

“

Мемлекет басшысы қолдау білдірген бастама – мектептерге домбыра үйрену сабақтары жаппай енгізілді ме? Бұған не кедергі? Елімізде стандартқа сәйкес домбыра жасайтын фабрика неге жоқ? Неге әлі күнге дейін ұлттық аспабымызға патент ала алмай отырмыз?

ол – бекітілмеген мәртебе. Ендеше, ұлттық аспабымыз домбыраны неге патенттеп алмасқа?! Себебі бұл ойымыз мынадай қауіптен туады. Мысалы, біз қымыз дайындаудың және киіз үй жасаудың да технологиясынан айырылып қалып отырмыз. Бір кездесуде ҚР Әділет министрі болған Қанат Мусинге де «Осы домбырамызды өзіміз иеленіп, заңдастырып алсақ болмай ма?» деп сауал қойдым. Өйткені мына көрші Қытай елінде 1,5 млн қазақ қандасымыз бар. Өзбекстандағы қазақтың саны 1 млн-ға жуық. Ресейде 1,5 млн қазақ мекендейді. Олардың өнерлі адамдары домбыраны бізден артық тартпаса, кем білмейді. Домбыра – сол елдерде тұрып жатқан қандастарымыздың да ұлттық аспабы. Өздері тұрып жатқан елдің атынан «біздің ұлттық аспабымыз» деп жасау технологияларын патенттеп алуы ықтимал. Егер өзге бір ел домбырамызды патенттеп алса, онда біз шекарадан шыққан кезде сол елдің үкіметіне: «Оркестр осындай бір мемлекетке баратын еді. Соған орай домбырамызды алып шығуға рұқсат беріңдер» деген мағынада хат жазып, өтініш жасайтындай жағдайға түсіп кетуіміз мүмкін. Бұл жерде жүйелі жұмыс жасалып, барлық процедуралардан өтіп, домбыраны заңдастырып алудың маңызы өте зор! «Бұл іске шұғыл кірісуіміз қажет» деген уәжімізге домбыра жасау технологиясы мәселесін айтып, тұщымды жауап ала алмадық. Табаңды түрде домбыраны немесе домбыра жасау технологиясын қолға алмасқа, небір ұлттық асыл дүниелерімізден айырылып қалуымыз жасырын емес.

Екіншіден, домбыраны талабына сай өндіретін мемлекеттік мекеме жоқ. Қазір музыкалық аспаптар сататын дүкендерге кірсеніз, ресми домбыра сатып алынды деген есеп-шот құжатын ала алмайсыз. Салық органдары ол дүкенді лицензиясы жоқ тауарды сатушы ретінде жауапқа тартып айыппұл төлеуді міндеттеуі мүмкін. Міне, осындай қайшылықтар бар. Сондықтан бұл мәселені мемлекет деңгейінде түбегейлі шешу қажет.

Құзырлы министрліктер көтеріліп отырған мәселенің шешу жолдарын қарастырамыз жөн. Фабрика ма, өнеркәсіп орны ма, мемлекеттен қаражат бөліп, домбыра жа-

сайтын бір кәсіпорын болуы тиіс. Кезінде Қарағанды облысының Осакаров ауданында фабрика болды ғой. Оның сапасы төмен болғаны анық. Бірақ ол басқа кезең еді. Ал қазір ХХІ ғасыр. Сондықтан ендігі жерде өте сапалы домбыра жасайтын кәсіпорын болуы қажет.

Қазақстанның әр аймағында сапалы домбыра жасайтын небір шеберлер бар. Солардың біразын бір ортаға жинап, тәжірибелерін бейнетаспаға түсіріп, жеке-жеке деректі фильмдер жасаса да, артық болмайды. Домбыра жасаудың ортақ нормативтік-құқықтық актілерін дайындап, бекіткеніміз жөн. Домбыраға деген сұраныс өте жоғары. Ол өзін-өзі ақтайды.

Мысалы, өзбекбайжан, өзбек елдерінің ұлттық аспабына деген мемлекеттік көзқарасы өте жоғары, атқарылып жатқан істеріне сүйсінесің. Жуырда ұйғыр халқы да өз аспаптарын насихаттап жатқаны туралы телехабар көрсетілді. Мұндай мысалдар көп.

Ұлттық аспабымыз домбыраны насихаттаушылардың арасында түсінспеушілік туындаған ҚР Оқу-ағарту вице-министрі Н.Жұмадилдаеваның қолы қойылған ҚР Үкіметі аппаратының 2023 жылғы 25 қыркүйектегі №16-10/4178 д. тапсырмасына берген жауабы болды. Бұл құжатта былай делінген: «Мемлекет басшысының білім алушылардың жұктемесін барынша азайту туралы тапсырмасына сәйкес, сонымен қатар домбыра ұғымы «Музыка» пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларында қамтылуына, оқушылардың қызығушылығына қарай, домбыра үйренуге толық мүмкіндік жасалуына, ұлттық құндылықтарды насихаттау бағытында білім ұйымдарында жүйелі іс-шаралардың жүргізілуіне орай, «Домбыра» пәнін енгізуді орынсыз деп есептейміз» деген жауабын түсінбей қойдық. Сонда ел Президентінің тапсырмасы қалай орындалмақ? Біздің ойымыз, бұл жауап тек берілген тапсырманы бақылаудан алып тастау үшін жасалған сияқты. Келтірілген негіздемелердің орынсыз екенін дәлелдеудің қиындығы жоқ. Кез келген орта мектепке барып, музыка пәніндегі домбыра тартып үйренудегі үлесін айқындайтын болсақ, жағдайдың мез емес екендігін анық білуге болады.

Мен көріп байқағанымды ғана айтып отырмын. Ұлттық аспапты меңгеруде, жасауда және өнерімізді насихаттауда қандай проблемалар бар? Бірінші кезекте қандай жұмыстарды қолға алған абзал? Алдағы уақытта қандай мәселеге баса көңіл бөлінуі керек? Осы сұрақтарға жауап іздеп, жүйелі жұмыстарды анықтап алу мақсатында ұлттық аспаптарды жасау жөнінде мамандардың қатысуымен құрылтай өткізу қажет деп есептеймін. Сонда көтерілген мәселелерге сараптама жасалып, ғылыми негізделіп, ең өзекті жұмыстар жүзеге асуы өте маңызды. Құзырлы министрліктер ұсыныстарымызды оң қабыл алғанын қалаймыз. Бұған дейінде көтерілген мәселелер талай жиындар мен конференцияларда айтылып келгенімен, айтарлықтай нәтижелер болмай жүр. Бәрі айтылған жерде қалды.

Төлеген ҚУАНЫШЕВ,
қоғам қайраткері, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Астана қалалық Қоғамдық кеңесінің мүшесі, «Күй анасы» республикалық қорының жетекшісі

ДАҢҒЫР ДҰҢҒЫР МУЗЫКА МЕЗІ ЕТТІ...

Қазір таң атады, күн батады, адамдар әлденеге асығыс, жанығады да жүреді. Қаланың даңғыр-дұңғырынан, у-шуынан шаршаған кезде классикалық музыка немесе дәстүрлі өнердің тамылжыған әндерін тыңдағың келетіні рас. Кейде тіпті оқшауланып, жан тыныштығын іздегің келеді. Ал елордада кез келген сауда үйіне кіре қалсаңыз, шетелдің даңғырлаған музыкасынан төбе құйқаң шымырлайды.

Мысалы, елордадағы халық көп баратын көпшілік орын, Орда пішінді орталық, қаладағы ірі ойын-сауық және сауда-саттық орталығы – «Хан Шатыр» әлемдегі он эко-гимараттардың қатарында болғанымен, ішіне кірсең, даңғырлаған музыка есіңді тандырады.

Көпшілік тамақтандыру орындарына, мейрамханаларға барсаң да осы проблема алдыңнан шығады. Әсіресе, тойға барған үлкен кісілер қуанып қайтудың орнына тарс-түрс музыкадан басы ауырып, қан қысымы көтеріліп қайтады екен. Редакциямызға келген астаналық тұрғын Жамал Қасымбекова апай осы мәселені көтеріуімізді сұрады.

– Бір жағы шаруамен, бір жағынан немерелермен «Хан шатырға» бара қалсаң, даңғырлаған музыкадан миың айналып, не алып, не қойғаныңды, не істеріңді білмей үйге асығатының рас. Тойда да солай. Қатты музыкадан миың айналып шығады, – дейді ол.

– Тойдан қайтып келем. Қазақтың тойы ырду-дырду, даңғыр-дұңғыр музыка, ұзын-сонар тост айту ғой. Бүгін біраз елге ән шырқатайын деп, домбырамен халық әндерінен попури айттым. Арасында халық әні «Саулем-ай» да бар еді. Мына кішкентай балапанның артынан келіп, «Саулем-айды» шырқап бергеніне әбден риза болдым. Өзі менің Мұхитайыммен жасты екен, небәрі 4 жаста. Болашақта жұлдыз болайын деп тұр, бұйырса! – дейді дәстүрлі әнші Сәуле Жанпейісова әлеужеліде.

Даңғырлаған музыка, көзбояушылық, бос сөз, жөнсіз мақтау, қазақтың тойы тәрбиелік мәнінен айырылып, бақталастық пен бәсекелестіктің, ысырапшылық пен бекер мал шашудың көрінісіне айналғандай.

Ал көпшілік орындарындағы, әсіресе мейрамханалардағы даңғыр-даңғыр музыка, у-шу, жағымсыз дыбыстар, тойда да әуенді тым асыра қоюды шектеу өз қолымызда. Өйткені бүкіл әлем minimalism-ге басымдық беруде, яғни қарапайым, бірақ заманауи трендтерге көшіп жатыр. Біз де көштен қалмай, ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай отырып, жақсы өмірге ұмтылғанымыз жөн-ау деген ой келеді. Әуелі сана өзгермей, тұрмыстағы түйткілдер де өзгере қоюы қиын. Осыны ескерсек екен.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ



№100 (4688) 22/08/2024 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ

26 ТАМЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Киелі сахна»
6:30 «Инжу-маржан»
7:00 «TANSHOLPAN»
7:10 «Зейнеп», Телехикая.
10:10 «Тату-тәтті». Реалити шоу
13:55 «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»
14:10 «Апта»
15:00 АҚПАРАТ
15:15 «Ақорда»
15:25 «Қызық екен...»
16:05 «Замандастар», Телехикая.
18:00 «ЗЕЙНЕП», Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ»
21:25 ТУСАУКЕСЕРІ «ӘДІЛ ЗЕРЕ»
22:15 «ӨГЕЙ ӨМІР», Телехикая.
23:10 «1001 ТҮН»
0:40 «Ашық алаң»
1:25 «Мерейлі отбасы»
1:40 «Сана»
2:45 «Киелі сахна»
3:10 «Инжу-маржан»



5:00 "АСЫЛ ҚАЗЫНА"
6:00 КИНО. "СҮЛТАН БЕЙБАРЫС"
6:00 КОНЦЕРТ. "ТЕК ҚАНА ЖҮЛДЫЗДАР"
10:00 "PRESIDENT"
10:15 "УЛЕТНЫЕ БУКАШКИ"
11:15 ТЕЛЕХИКАЯ. "КЕЛІНЖАН"
12:15 ТЕЛЕХИКАЯ. "ФАТМАГҮЛ"
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ӨЗ ҮЙІМ"
16:00 "ОТДАЙ МОЮ МЕЧТУ"
19:20 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:40 "ӘСЕМ ӘНДЕР"
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ФАТМАГҮЛ"
22:45 ТЕЛЕХИКАЯ. "КЕЛІНЖАН"
23:30 "ОТДАЙ МОЮ МЕЧТУ"

ASTANA TV

06:00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
6:50 «Жұрттың балалары»
07:10 «Маша и медведь» Мультсериал
